

Шәрипа ҚАЗЕЗҚЫЗЫ

Сөндес  
сөзіне





УДК 821.512.122  
ББК 84 Каз 75  
С 66

- С 66 Сөнбес сәуле.** Ғұмырнамалық хикаят.  
Өлеңдер, әндер жинағы. Баспаға дайындаған:  
Жасан Зекейұлы. /Алматы: – «Мирас» баспасы,  
2012. Түрлі-түсті жап. - 104 б.

**ISBN 978 – 601– 06 – 2072 – 8**

Біздің қазақ халқы кісілігі мол, ұлттық тәрбиеден тамыры ажырамаған парасат иелері болған аналарын, қыздарын сыйлаған, қадірлеген.

Біз де Зекей өулетінің қасиетті қарашаңырағының құт-берекесі, мейірімді ана, сүйікті әже, өмірдің қандай қатал сынағына түссе де, болмысына біткен адалдық қағида-сынан айнымаған Ана – Шәрипа Қазезқызы туралы ақжарма сыр айтуды парыз санадық.

Бойындағы қажыр-қайратын ұрпағына бағыштаған қайсарлық пен кішіпейілділік ол кісінің сенімін алдамаған. Ұл-қыздары қанаттыға қақтырмай өсірген аналарының сенімін ақтап, азаматтықтың, абыройдың тұғырлы биігінен көрінді. Бұдан артық бақыт бар ма анаға?!

Шәрипа апаны елге танытқан тағы бір қыры – сөз өнерін қадір тұтқандығы, әр жылдардағы ой-толғаныстарын, көңіл тебіреністерін өлеңмен өре білгендігі. Өнге айналған өлеңдері бір төбе. Біз талдамасақ та, олар – халықтың аузында жүрген дүниелер. Өмірінің бір бөлшегі сияқты: қуанышы да, қайғысы да, сағынышы да, мұңы да бар.

ISBN 978 – 601– 06 – 2072 – 8

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 Каз 75**

© Ж. Зекейұлы, 2012  
© «Мирас» баспасы, 2012



## Алғы сөз

Адам баласының бесігі – Жер, Жер-Ана, Отан-ана! Ана!

Ұлы анамыз Хауа ана – ұрпақтар анасы, барлық адам баласының анасы!

Құрметтейік, бас иейік бүкіл адам баласының мәңгілік ортақ бесігі Жер-анаға; Отан-анаға! Анаға!

Ақылды, сұлу ана – жеті қазынаның бірі.

Елдің, халықтың, туыстықтың, достықтың елшісі де әйел – ана.


Ана, нан, қазақ деген қасиетті де киелі сөздер қай жағынан оқысаң да өзгермейді, солай қала береді. Бүкіл әлемге, барша адамзатқа күн ортақ, ай ортақ, аспан ортақ, жер ортақ, ана ортақ.

Күннің көзін ештеңенің де көлегейлей алмайтыны секілді, жер бетінде мәңгі өшпейтін, көнермейтін Ана атты – ұғым ұлылықтың, ұлағаттылықтың, сағыныш пен махаббаттың айғағы іспетті.

Ана – бүкіл адамзатқа ортақ құдірет, керемет қазына, Алланың адамзатқа тарту еткен теңдесі жоқ сыйы.

Ана – Алланың аманаты.

Ол – бүкіл өмірдің, тіршіліктің бастауы.



Ана болу жанкештілік, азаматтық ерлік, табиғи талант, теңдессіз өнер.

Адамзат ойлап тапқан барлық мадақ, мансап, атақ, даңқ, баға, сый-сыяпат, құрмет, дәулет, байлық, бақ, тақ бәрі Ана деген бір ғана құдіреттің жолында құнсыз болып қалады.

«Құдайдан басқа құдай жоқ, Анадан басқа ана жоқ», «Жаннаттың кілті ананың табанының астында»,

«Алдымен анаңды сыйла, тағы да анаңды сыйла, сосын тағы да анаңды сыйла, сосын барып атаңды сыйла».

Міне, қасиетті ислам мен Мұхаммед пайғамбарымыз ананы осылай бағалайды, дәріптейді, пір тұтады.

Тәңір де әйелдермен сыпайы сөйлесуді, сыйлауды бұйырады. Себебі әйел – анаңыз, жарыңыз қызыңыз, қарындасыңыз, әжеңіз.

Құранда өзіңе өмір берген әйелді, әлсіз әйелді, нәзік әйелді, анаң мен жұбайыңды, қызыңды, апақарындасыңды, әжеңді қорлама, оларды құрметте, сыйла, сүй деген.

Үндістанда жауапты жорыққа аттанарда баласы анасының аяғының астынан топырақ алып, тұмар қылып мойнына тағып алады екен.

Ананың жан-жүрегі, махаббаты, мейірімі тілмен айтып жеткізе алмастай теңіздей шалқар, аспандай шексіз емес пе?!

Талқылауға жатпайтын күндей, айдай ақиқат сол: Әлемдегі бар жақсылық күннің жылуынан, ананың ақ сүті мен ақ тілегінен, өлшеусіз еңбегінен, шексіз қамқорлығынан бастау алады.

Отбасын отбасы етіп отырған, әулетті әулет етіп отырған, елді ел, жұртты жұрт қылып отырған, мемлекетті мемлекет қылып отырған да осы аналар.

Отбасының киесі, құты, берекесі, ұйытқысы, ұйымдастырушысы, жарығы да, жылуы да – ана.

Махаббаттың символы, әсемдіктің, әдептіліктің, нәзіктіктің, инабаттылықтың, имандылықтың үлгісі де, ұясы да – әйел-ана.

Батылдықтың, батырлықтың, шыдамдылықтың, тұрақтылықтың, даналықтың, даралықтың да, анттың да, серттің де қорғаушысы да, қоймасы да әйел-ана.

Алтай мен Алатау, Арқа мен Атырау, Сыр менен қыр арасында, осыншама кең-байтақ жерде халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрінің біркелкі болуы, жеріміздің, еліміздің тұтастығы – осы аналардың арқасы. Сол үшін біз аналарға мәңгілік борыштармыз, мәңгілік қарыздармыз. Сол үшін де әрбір Ана мадақтауға, ардақтауға, ұлықтауға, ұлағаттауға, қастерлеуге, құрметтеуге әбден лайық. Бәріміз де анадан тудық, адам болдық, азамат болдық.

Осындай құрмет, жылы лебіз, ақ тілек, жоғарыдағы аналар жөнінде айтылған ұлағатты сөздер, бәрі-бәрі Зекей әулетінің қасиетті қарашаңырағының құт-берекесі, мейірімді ана, сүйікті әже, өмірдің қандай қатал сынағына түссе де, болмысына біткен адалдық қағидасынан айнамаған біздің анамыз Шәрипа Қазезқызына арналады.

Әлі есімде, біздің балалықпен жасаған кейбір оқыс қылықтарымызға анамыздың мейірлі жүзіне сәл кірбің келіп, сабырлы қалпымен ақылын айтып алып,

артынша басымыздан сипап, «әке мен ананың қадірін өздерің балалы болғанда білерсіңдер әлі» дейтін. Сонда, өз-өзімнен «мен әке-шешенің қадірін білемін ғой. Оларды бәрінен артық жақсы көремін. Ол үшін отбасын құрып, ата-ана болу шарт емес шығар» деп ойлайтынмын. Балалық жасаппын. Анамның сөзінің астарындағы мәнді расында да, кейін жылдар өте келе түсінген сияқтымын.

Енді қарасам, өзім де бір үйдің отағасы, төрт баланың әкесі болыппын. Менің балалық шағымдағы аққұба өнді, сұңғақ бойлы, өткір жанарлы, асыл анамыз бүгінде жайдары жүзінде тағдыр тауқыметінің ізі қалған, өмірден көргені де, түйгені де мол ақ шылауышты әжеге айналыпты. Немерелерін еркелетіп, ертегі айтып отырған анамыздың жылдар жылғалаған маңдайы мен айлар айғыздаған самайына қарап отырып еріксіз ойға шомамын.



Басында балалықпен байқамаған екенбіз. Кейін білім-ғылым қуып, өмірдің әр тарау жолымен кеттік. Одан ары елге қызмет етудің қамында жүріп, анамызға көңіл бөле алмаппыз-ау! Бір кезде өзіңіз айтқан «ата-ананың қадірін өздерің балалы болғанда білерсіңдер» деген сөзіңіздің ақиқатын енді ғана түсінген сияқтымын. Кешіріңіз ана, сізге мәңгі қарыздармын...

Шынында, пенде атаулы ең бірінші Жаратушысына, одан кейін анасына шексіз қарыздар. Ол борышты толықтай өтеген ешкім жоқ, олай болуы да мүмкін емес. Олар бізге өмір сыйлады. Ал, адам үшін ең қымбат құндылық өмір екенін ескерсек, сол өлшеусіз қарызды қайтаруға тырысушылар ғанамыз. Анамыз үшін не істесек те артық болмайды.

Ал менің анам... Анамның біз үшін тартқан азабың, көрген қиыншылығын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өмірлік серігінен, арқа сүйер асқар тауынан ертерек айырылып, бұғанасы қатпаған бес сәбиін арқалап, бес күндік дүниенің баянсыз базарында, аяусыз азабында қалған менің анамды – Шәрипа Қазезқызын тағдыр аз сынаған жоқ, өзінің қатал да, қатігез сан өткелдерінен өткізді.

Жәйір тау сілемінің бөктеріндегі Толы ауданының Өшеті ауылында сол өңірге аты белгілі дәулеті тасыған, бай отбасында өмір есігін ашқан анамыздың жастық шағы Қытайдағы Мәдениет төңкерісімен тұспа-тұс келді. Әкенің байлығы баласының басына шоқпар болып тиген сол қатал қоғамда жас қыздың өзі ұнатқан адамына қосылуы қияметтің қиыны болса да, көзсіз қарсылық көрсеткен көп кедергіге қарамай әкеміз бен анамыз өз алдына

шаңырақ көтеріп отау тігеді. Шаңырақ көтерді дегеніміз балама түрінде айтылғаны болмаса, жас отбасына үй түгілі қарапайым тұрмыстық бұйымдарды табудың өзі оңайға түспесе керек. Соқтықпалы, соқпақты өмірде бір-бірін сүйеніш еткен жұбайлар тағдырдың қандай қиыншылығын болса да бірге көтерісіп, қуанышын бірге бөлісуге тәуекел еткен еді.

Қанын ішіне жұтып, сұрланған қоғам қанша ызғарланғанымен, қазақтай пейілі жомарт халықтың жылт еткен қуанышын көппен бөліспей тұра алмайтын әдеті өміршең болғандықтан да ел арасы той-томалақсыз болмайтын. Анамыз сызылтып салған әнімен ауылдағы той-томалақтардың сәнін келтіретін. Ол кезде мен кішкентай баламын. Бірақ, ән-күйге өлердей құмарлығымнан анамның жанына еріп алып, қай тойдан да қалмайтынмын. Сонда мен үшін әлемдегі ең керемет әнші анам болып сезілетін. Енді ойлап қарасам, мен үшін ғана емес, біздің бүкіл ауыл үшін де анамнан асқан әнші болмаған екен. Ол кісінің сөзі мен әуенін өзі шығарып, әуелете салған әндері халық арасында қолма-қол тарап жататын. Өттең, сол кездегі адам төзгісіз ауыр еңбек, сұрқия саясат қанша өнерлі адамның өрісін тарылтып, торға қамалған сұңқардай, қаншама талантты адамдардың рухын, жігерін сөндіріп, талайдың салын суға жіберді десеңші.

Біздің балалық шағымыз көбінесе анамыздың қасында өтті. Әкеміз жауапты өкімет қызметінде қаншама қарбалас, мұрнына су жетпей жүрсе де, бала тәрбиесін бір сәт естен шығарған емес. Кей кездері әкем менің маңдайымнан иіскеп:



– Ұлымның асылы сен боларсың. Балам, мектеп тапсырмасын орындап болсаң, менімен жүр, аудан қалашығындағы ойшыл, өнерпаз, ағаларыңның үйлеріне барайық. Бой сергітіп, үлкендермен сөйлесуді, қоғамдық байланысты үйрене жүр. Тіпті кей-кездері анамыз екеуі аудандағы сыйлас қадірлі кісілердің, басшылардың, жолдастарының сыйлап шақырған қонағасына мені ертіп алатын болды. Өйткені 1975-1985 жылдар кезінде іргелес жатқан Қазақстанның ана тіліндегі радио және музыкалық телехабарлары Қытай еліне көп естіле басталған еді. Қазақ елінің мәдениеті мен өнері, экономикалық дамуы Қытай жеріндегі елді мекендерге әсерін тигізе бастады. Ел ұрланып болса да радио тыңдап, шатырдың үстіне антенна жасап, теледидар арналарын көретін. Әкемнің туған жерге деген сағыныш сезімі болар, әлде балаларының өнерге, мәдениетке жақын болсын деген ниетімен сол кездегі Бәдет, Нұрсалқазы сынды гармонистерді өнер майталмандарың, музыкант композиторларды, үйге ертіп келіп, арнаулы музыка сабағын өзімнен үлкен ағама, және маған үйрететін болды. Бара-бара менің музыкаға деген қызығушылығым артып, сабақ біте салысымен үйге асығатын болдым. Бастауыш сынып оқушысы болсам да, сыртта көп ойнауды тоқтатып, үйге ерте келіп, гармонмен вальс, лирикалық өлеңдерді тартып, әуестендім. Лирикалық әндердің әуенін тартқан кезде, шаттанып, музыкаға деген сүйіспеншілігім арта түсетін еді. Кейін ол кісілердің үйге келуі сиреп, өзімнің музыкалық шеберлігімді дамытып, қызығып үйреніп кеттім. Көбінде үйде өзім жалғыз қалып,

қазақтың әндерін аспапқа салуды әдетке айналдырдым. Осындай талабым әкеміздің көңілінен шығып, әрі гармонды жақсы тартатынымды көрген соң, өздерінің бас қосқан жиындарына апаратын болды. Бұрынғы шақырып жүрген өнерпаздарды шақырмай, маған гармон тартқызып, құрдастары, достары вальс билеп, ән айтып, музыкамен сүйемелдеуіме қатты назар аударатын. Ол кісілердің маған сенгені соншалықты, кейбір әндерді айтып отырып, менен осы әннің әуенін нотаға қарамай гармонға тікелей салуды талап ететін. Сонда сол кездегі үлкен кісілер мені мақтай отырып, өнерге талпындырған екен. Білген үстіне біле түссін деген ниеттері екен. Уақыт өте келе әнді нотаға да қарамай аккардеонға салуым, сол аға буын өкілдерінің талабы, тәлім-тәрбиесі арқылы жеткен техникалық жетістігім деп білемін. Есейе келе музыкалық білімім және шеберлігім менің екінші мамандығым сияқты болды. Бұл менің ақыл-ой парасатымның өсуіне, оның үстіне қол қимыл әрекетінің көп болуы мидың тез жетілуіне себеп болатынын байқатты. Анамыз да өзінің мемлекеттік жұмысын істеумен қатар, үй шаруасын да тындырып үлгеретін. Ес білгелі анамыздың арқасын көңге салып, жайғасып демалғанын көрген кезіміз жоқ. Қай кезде де тынымсыз қалпынан жазбай, мұрнына су жетпей жүгіріп жүретін. Бірақ анам мұндай қат-қабат тірлікті ауырсынбайтын. Жұмыстан қанша шаршап келсе де біздің қас-қабағымызға қарап, әрқайсымыздың көңілімізді табуға тырысатын. «Адамды адам қылған – еңбек». Бәріңді өсіретін де, көсегенді көгертетін де, көктететін де құдіреттің күші еңбекте

деген қағиданы өмірлік ұстанымға айналдырып құлағымызға құйып отырып, үнемі адал еңбек етуді үйреніңдер дейтін.

Анамыздың еңсесін басқан ең ауыр қасірет арқа сүйер тірегі – асыл жарынан мезгілсіз айырылғаны еді. Сонда да, ауыр қайғыға қарағайдай қасқайып қарсы тұрған қайсар анамыз: «Зекейдің шаңырағын шайқалтпаймын, балаларын жылатпаймын, тәрбиелеп, қатарға қосамын» деп, белін тәуекелдің белдігімен бекем буды. Міне, осы күннен бастап анамыздың белінен жүк, қолынан жұмыс кетпеді. Маңдайынан тер кеппеді... Тұщысынан ащысы көп өмірдің сыбағасын молынан татқан еді. Үйелмелі-сүйелмелі бес баланы қатарынан қалдырмай өсіру үшін қиындыққа мойымады. Қанша бір қажып, қабырғасы қайысып жүрсе де, балалары үшін сүрген өмірінің зая кетпесіне сенді. Сол сенімің үшін де қарыздармын саған, аяулы жан анам.

Бұл кітапты құрастыруымызға анамның қиыншылықпен өрілген осынау тағдыры, сол тауқыметке қайыспаған қайсар мінезі түрткі болды. Сонша ауыр күндерде ыстық пен суыққа төзе жүріп, шығарған өлеңдері мен әндерін естігенде жүрегіміз шымырлап қоятын. Өмірден алынған отты өлеңдерін оқығанда, еңбекпен өткен ана ғұмыры көз алдыңызда әсерлі киноның лентасындай жылжып сала береді.

Анамыздың осындай өлеңдері мен әндерінің есінде қалғанын өз аузынан жазып алып, ел арасында айтылып жүрген нұсқаларын жинап, қағаз бетіне түсіріп алдық.

Бұл кітапта анамыздың әр түрлі кезеңде, әр түрлі жағдайда жазылған, бірақ ешбір жерде жарық

көрмеген өлеңдері мен әндері, сондай-ақ, публицист-жазушы Болат Құрманғажыұлының анамыздың өнегелі өмір жолдары жайлы жазған «Қатал тағдыр, қайсар ана» атты тартымды эссесін беруді жөн көрдік.

Бізді әкесіз өсті дегізбеймін деп, әкеміздің бойындағы ізгі қасиеттерін, адамгершілігін, азаматтығын, қоғам қайраткерлігін, адалдығы мен ақ көңілділігін үнемі үлгі етіп айтып отыруының астарында үлкен тәрбиелік мән бар екен. Ойлап отырсам, анам әкеміздің аманатын адал орындап, біздің бойымызға да адалдықтың, ізгіліктің ұлағатын ұялата біліпті. Құдайға шүкір, Зекейдің артында қалған ұл-қыздары өмірінде біреудің ала жібін аттаған да, әкенің атына кір келтірген де жоқ. Әлі есімде медицина университетінде озат оқып, үшінші курстың өзінде Қытайдың Коммунистік партиясына кірдім. Оқуды қызыл дипломмен тәмамдаған соң, арнаулы жолдамамен 1989 жылы Іле облысының Күйтің орталық ауруханасына хирург болып жұмысқа кірдім. Мен сол ауруханаға қабылданғанда өзіме қойған алғашқы мақсатым, әкем сияқты жол апатынан зардап шеккен адамдарға ерекше мән беріп, дер кезінде көмек көрсету болды. Алғашқы жылдары бас сүйектегі мидың ішкі және сыртқы жараларын отамен тігуге әуестендім. Осындай түрлі жараларды уақытында диагноз қойып, отамен емдеуді қолға алып, әдіс-тәсілін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар шебер маман болып шықтым. Ауруханада істеген жылдары халықтың ықыласына бөленіп, өкіметтегі тиісті адамдардың оң көздеріне ілініп, жақсы атақтарға

ие болдым. Еңбек жемісі деген осы болар, қоғамда, ұжымда, отбасымда абыройға ие болдым. Анама ұлдың екіншісі болсам да, сүйеніш бола білдім. Жаздық еңбек демалыстарында ел аралап, жайлау төрінде өзімнің қамқорлығын көрген ағаларымды, шешемнің бауырларын аралап, үлкен ағамыз Серік Зекейұлының үйленуіне шешеммен бірге мал-сул жинасуға атсалыстым. Сондай-ақ еңбекақымды жинақтап, әкемізге атаған малдарды жинап, ағамыздың ертерек отау құрып, отбасы болуына жанталасып көмектестім. Бір үйдің тауқыметін, қажеттілігін, жас болсам да ер-азаматтай көтеріп жүрудің өзі қиын әрі жауапкершілігі көп болса да, шешемнің менімен ақылдасатын шаруаларының, кейбір отбасылық мәселелерді оң шешілуіне ықпал ететінмін.

«Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» дегендей, бойға сіңген тәлім-тәрбиенің арқасында басқа бауырларыма, ағайындарға, нағашыларға, қоғамға қатысты мәселелерді шешем маған сенім артып, мәртебемді көтеріп отыратын.

Осының барлығы анамыздың асыл қасиеттері мен кіршіксіз арынан туған ізгі ниетінің арқасында ғана мүмкін болды десем қателеспейтін шығармын.

Анамыздың ерекше бір мінезі – ұлық та, кішік те бола білетін табиғи қасиеті. Бұл арада мен оның кісіні сыйлай да, сыйлата да білетін ақиқатшыл болмысын айтып отырмын. Үлкенге де, кішіге де, замандастарына да бір мінезбен көрінеді. Сондай-ақ, батылдығы мен тәуекелшілдігі бізді қайран қалдырады. Осы қасиеттері біздің де өз-өзімізге сенімді серік етуімізге, үнемі намысымызды қайрап,

биік арман-мұраттарға ұмтылуымызға ұдайы жігерлендіріп отырды.

Иә, кісінің ғұмыры армандау мен аңсаудан, сағыныш пен сүюден тұрары бек рас қой. Соның ішінде бауыр еті баласы үшін неге де болса дайын ананың орны бөлек.

Осы кітапты жазудағы мақсатымыз – анамыздың өмірдегі адами болмысын, қарапайым тұрмыстағы кісілік парасатын ұрпағына үлгі ету. Менің анам осындай құрметке әбден лайық.

### **Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ,**

*Халықаралық инемен емдеу академиясының, Халықаралық шығармашылық академиясының академигі, м.в.д. докторы, профессор. Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры». ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, халықаралық Сократ атындағы орденнің иегері, «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығының бас директоры, республикалық «Жас-Ай» журналының бас редакторы.*

08.03.2012. Алматы



Замал тагдыр,  
кайсар ана



## ҚАТАЛ ТАҒДЫР, ҚАЙСАР АНА



«Ағаш тамырсыз, адам ұрпақсыз болмайды» деген қағиданың шындыққа айналғаны қашан. Ұлан байтақ қазақ жерінің қай тұсы болмасын қасиетті де киелі. Өйткені, ата-бабаларымыз осынау бүгінгі кең байтақ жайнаған жазиралы өлкемізді сақтап қалу үшін қаншама жылдар қасық қаны қалғанша күресті. Елі, жері үшін жанқиярлықпен күресу, керек болса жанын пида ету, туған елінің өсіп-өркендеуі үшін күресу – өмірлік мұраттары болды. Осындай ел тұтастығы жолындағы күресте өзіндік орнын ойып алған тайпалық одақтар қатарында Уақ ұлысы да тарихымыздан өшпес орын алғаны белгілі. Қытай деректерінде уақтарды “Ұңғұттар” дейді, яғни 偉大 «ұлылар» деп те атаған. Өйткені Қытай Ұлы қорғанында шекара сарбаздары жау жүрек батырлар бола білген. Осы тайпаның өзіндік мәдениеті, өнері, жазуы, таңбасы болған. Ержүрек батырлар көп шыққан. Арғысын айтпасақ та, Абылай хан уақтың Баян батыры келмейінше жорыққа аттанбаған. Арқалы жазушы Сұлтан Тәукейұлы мен шежіреші қаламгер Қауан Берікбайұлының зерттеулеріне сүйенер болсақ, Уақ ұлысынан Қамбар, Жаубасар, Еркөкше, Ерқосай, Бесоба, Баян, Сары, Бармақ, Өтеген, Шуақ, Мырти, Манат, Нұрпай, Әйембет, Әкежан, Дулат қатарлы





батырлар өткен. Бүгінде осы тайпадан шыққан ел ағалары, білікті ғалымдар, ақын-жазушылар мен өнерпаздар баршылық<sup>1</sup>. Уақтардың бір бөлігі 1860 жылдардан бастап, қазіргі Қытайдың Толы ауданына екі дүркін көшіп барып қоныстанған. Ел бастаған шешен-би Мауқара, Уаис тектес әйгілі адамдар да тарих бетінде қалды. Сондай-ақ, кеше ғана арамыздан кеткен композитор Физат Сөйітқазин, әлі де шашасына шаң тимеген ақын, “әйелдің қара тілі” атанған Жамалхан Қарабатырқызы сынды елдің рухани өміріне елеулі үлестерін қосқан азаматтар аз емес. Еңбекшіл, парасатты, ақылгөй, өнегелі аналар да ұрпақтарының тәрбиелі, білімді, білікті болуына ықпал етуде. Осындай қасиетті аналардың арқасында Уақ тайпасының көсегесі көгеріп, өркені өсіп келеді.

Ана туралы сөз қозғалса, тебіренбейтін қаламгер, еміренбейтін оқырман болмас. Құрсағы – құт, бесігі – киелі, алақаны – алтын аналарымыз болмаса, көш бастайтын көсемдеріміз де, сөз бастайтын шешендеріміз де болмас еді. Тектілік бесігін тербетер болсақ, сәбиін дәретсіз емізбеген Зередей асыл аналарымыздың талғамды тәрбиесімен Абай

---

<sup>1</sup> «Уақ шежіресі» кітабындағы деректерден. 2009 ж.



тектес ұлы ақын, ақыл-ойдың алыбы өмірге келді. Қазақтың тарихында өшпес өнеге қалдырып, ердің ғана емес, елдің де анасы болған қыз-келіншектеріміз баршылық.

Асылдың сынығындай бүгінгі ұрпақтары да сол алтын тамырлы тегінен ажырамаған, қасиетін жоғалтпаған. Міне осындай дәулеті шалқыған қаракөктің тұқымы, қормал жұрттың жұрнағы болған, бүгінде арамызда ақындығы, сарынды сазгерлігі, жағымды дауысымен ән салып, ортамыздың көркі болып жүрген асыл аналарымыздың бірі Шәрипа Қазезқызы десек жаңсақ айтпаған болар едік.

...Көрі құда қаһарынан қайтып, көктем сұлудың наздана қалған наурыз айының басы болатын. Алатаудың бөктеріндегі Алматыдай қарт шаһардың батыс жақ бауырында жатқан Қаскелеңге жол тарттым. Алып қаланың ығы-жығы тірлігі шаршатты ма, барар мекенге жақындаған сайын жаным желпініп, сарайым кеңіп сала берді. Әлі де болса ауылға тән тыныштығынан, далаға тән дарқандығынан айырыла қоймаған жас қаланың көрікті келбетіне тамсанып, еркін тыныстаймын. Бағытым – Шәрипа анамыздың үйі.

Мен келгенде анамыз үйде болмай шықты. Аналарының жақын жердегі нәзірге кеткендігін, көп ұзамай келіп




қалатынын айтып, жылы жүзбен қарсы алған ұлы мен келіні дастарқан жайып жік-жаппар болып жүр. Бүгінгі қала қазақтарынан кездесе бермейтін қонақжайлық деген қасиетті салттың осы шаңырақта қаймағы бұзылмай сақталғанын аңғару қиын емес. Екі қабаттан тұратын үлкен үйдің іші ретті жиналып, жарасым тапқан. «Данагөй ана, ақылды азамат, пысық келін тұратын отбасы осындай-ақ болар» деп ойлап қоям іштей.

Аз уақыт өткенде анамыз да келді. Қызу амандастық. Самайын аздап қырау шалып, көмірдей қара шашы ақкүмістенгенімен ажары қайтпапты. Аққұба жүзінің тағдыр салған сызықтары молая түскенімен, сыры кетсе де сынын бермеген. Мен алғаш көрген жиырма жылдың алдындағы келбетінің сынын жоғалта қоймапты. Қимылы ширақ. Арада қанша жылдар өткенімен, мейірлі дөңгелек көздері сол баяғы қалпында нұр шашып тұр.

Осынау ардақты ананың көкірек түкпірінде көптен бері сақталып қалған құнды әңгімелердің қоры мол-ақ. Көзін ашсаң бұлағы бұрқ ете қалатын жайлаудың кәусар бұлағындай ана көңілінің қатпарларында жылдар бойы ашылмай жатқан ақжарма сырдың тиегі ағытылды. Сөз емеурінін алысқа тастадым.

Ана өмірінің сан соқпақты құпиясы, бақытты кешулері, естен кетпес сұрқыл-




тай күйзелістері, Қорқыт баба қобызындай мұң-зарлы сарсаңдары бірінен кейін бірі шертіліп жатты.

Шәрипа анамыздың туып-өскен жері – шығыс жақ шекарамыздың арғы жағындағы Толы ауданы. Бұл жер қазақ үшін ежелден киелі топырақ саналып, түгін тартса майы шығатын, қазық қақсаң бәйтерек болып көктейтін ырысты, құтты мекен, қара қоныс болған. Қарағайбастау суын ішкен 500-ге жуық ақын-жазушылар, ғалымдар шыққан қасиетті жер.

Қытай мен орыс қазақ даласына шекараларын сызбай тұрған кең заманда жан-жаққа тараған уақ руының екі дүркін көші сол өңірге ірге тепкен. Олардың ұрпақтары бүгінге дейін сол өңірдегі ата қоныстың отын өшірмей, шығыс жағымызды қорғандай қорғап тұрғандай, күй кешесің. Өркендеп, жаңарып келеді.

Шәрипа ананың ұлы әкесі Мәсели Имашұлы Уақ ішіндегі Мәмеке руынан шыққан атқамінер азамат, ақылгөй, турашылдығымен ел құрметіне бөленген адам болған. Пейіліне қарай дәулеті де дөңгеленіп, өрісі малға, отбасы жанға толыпты. Алла Тағала оған Қазез, Қазықан, Нұртаза, Жөкен, Батыр деген шекелері торсықтай бес бірдей ұл берген. Ұлдары тәрбиелі, инабатты, сауатты болып өседі. Олар жаз жайлауда Жәйірдің салқын самал есетін жонын жайласа, қыста




Жоңғар ойпатының батыс жиегіндегі көбінде Уақтың Шоға, Мәмеке, Дәулет руы ата қоныс еткен, әйгілі алтын кені табылған Қату тауының шығыс жақ қолтықтарының біріндегі Көкқора деген жусаны мен жуасы бұрқыраған қыстауларында қыстап жүрді. Сол ауылдан кезінде атамекенге Үржарға оралған Жабайыл Бейсен ақын жазған «Ауылым» өніне негіз болған жер.

*Кіндігімгің жас қаны  
Тамған жерім – ауылым,  
Шабытымның асқары,  
Самғаушы еді ауылым.*

*Қ а й ы р м а с ы:*

*Жастығымның куәсі,  
Шұрқыраған ауылым.  
Жусаны мен жуасы,  
Бұрқыраған ауылым. 2 рет*

Осы ұлдардың ішінде Қазез – еті тірі, пысық, мойнынан мылтығы, қанжығасынан қақпаны түспейтін, сал-серілікке жақын болды. Оның Бақатай деген сұңғақ бойлы, қараторы өнді, сұлу, сұңғыла жары Шоға руынан шыққан Нұрғали деген бай адамның әлпештеген қызы еді. Дегенмен, бұл өмірде төрт құбылаң тең бола бермейді екен. Әйелден төлейі болғанымен, Қазез шаңырағы сәби дауысына кенеле қоймайды...




1947 жылдың қазан айы. Қатудың шығыс бөктеріндегі «Қызыл» деп аталатын күзеулікке барған Қазез киіз үймен отырады. Отын-сулары мол, малдары қоңды. Ол бір жолдасымен аң қуып жүріп бір жертөлеге (қопын) кездеседі. Есігін ашып ішіне кірсе, әлдеқашан өліп қалған қытай ұлтының ер-әйелі мен өлі шешесінің омырауын еміп жатқан шала-жансар сәбиді көреді. Бұл көріністен жаны түршігіп, төбесінен жай түскендей болып, үйіне қайтады.

Бүгінде Қарамайлы деген қала салынып, мұнайымен атағы аспандап тұрған сол өңір де кезінде қазақтардың күзеу-көктеулігі еді. Жер бетінде көлшік тектес шұқанақ болып шымырлап шығып жататын қарамайды қазақтар малдарының қотырына жағатын. Сол қара майды іздеп келіп, жұмыс істейтін қытайлар көп болатын. Олардың аштан өлген мүрделерін әр жерден кездестіріп жүретін. Қазездің көргені де осындай көрініс еді. Бірақ бұл жолғысы жан түршіктірерлік сұмдық еді.

Азаматының өңі қашып тұрғанын сезіп, болған жайды сұрастырып білген әйелі Бақатайдың аналық жүрегі қарс айырады.

– Қазез, күнәсіз сәбиді олай тастап қоюға болмас. Әке-шешесі кәпір болғанмен өзі бейкүнә періште ғой. Тездетіп



алып кел, бағып алайық. Тәңірдің бұлай жолықтыруы тегін болмаса керек, – дейді, көзінің жасын тия алмай.

Бірақ олар кешігіп қалған еді. Қазез барғанда сәби ана құшағында жатып аштықтан әлдеқашан көз жұмған екен. Ет жүрегі елжірей күйінді. Әлгі жертөленің есігін мықтап жауып, қайтып келеді. Әдетте, шалқайып тұратын биік кеудесі еңкіш тартып, еңсесі түсіп оралған Қазездің жүзін көрген Бақатай егілгенде етегі жасқа толды. Ана күрсінісінен қара аспан қақ айырылардай болды.

Қазез ауыл жігіттерін жинап, үш мәйітті жер қойнына тапсырды. Сонда да көңіліне қаяу салған сол бір қорқынышты суретті жадынан өшіре алмады. Ойласа болды түн ұйқысы төрт бөлінеді. Қазездің ер басымен бұлайша күйзелуі, Бақатайдың өксуі – олардың балаға зәру құсалығынан туындаған еді. Алладан әлемдегі барлық баланың аман-есен ержетуін тіледі. Өз шаңырақтарының да балаға толуын сұрады.

Нағыз махаббат пен шынайы тілек Жаратушының шапағатына кенелтті. Арада бір жыл өтпей, мамыражай маусым айының 15 күні аппақ таң алдында Тасбастау деген жерде отырған Қазез шаңырағынан іңгәлаған сәби дауысы естілді. Маңдайы жарқыраған қыз бала дүниеге келді. Қос мұңлықты шарапа-



тымен жарылқаған рақымы мол Аллаға деген ризашылықпен нәрестенің есімін Шәрипа деп азан шақырып қойды. Қазез бен Бақатайдың отбасы зарыға күткен қуаныштарын ел-жұртымен бөлісті. Ат шаптырып, ұлан-асыр той жасалды. Ән айтылып, жырдан шашу шашылып, ақ тілекті, ақ баталар ақтарылды. Шәрипаның кіндік қаны тамған Қату тауындағы бұл тойдың салтанаты ел есінде қалды.

Табиғат ана да құстарын сайратып, кәусар бұлақтарын сыңғырлатып, жасыл пүлісін жамылған тамаша лирикалы симфониясын тамылжыта тербеп тұрғандай болды сол күні.

Жастайынан есті сөзді ескеріп, өлең-жырды жанына серік еткен, Шәрипа қыздың жас жүрегін тербеткен аяулы сезімнің кіндік кесіп, кір жуған туған жеріне арналған өлең болып өріліп, ән болып шалқитынын кім біліпті ол кезде ....





## ТАСБАСТАУ

Келемін сағынышпен туған елге,  
Гүлге оранып, көбелек қуған жерге.  
Қатуым, тәу етемін қасиетіңе,  
Ауылым көшіп барып қонған белге.

*Қайырмасы:*

*Мекенім менің,  
Алтыннан кенім.  
Даңқыңа Қату,  
Жырымнан шашу.*

Мен неге Қату тауым, әндетпейін?  
Құшағыңда тербеліп сәнді өтпейін?  
Тәй-тәй басқан сазыңа, Тасбастауым,  
Жорғамды неге бір сәт терлетпейін?

*Қайырмасы:*



Азамат болып, ел ісіне араласа бастағаннан-ақ, білім-білігімен, қарым-қабілетімен көзге түсе бастаған Қазезді 1950 жылы Өшеті ауылы Зәңгі етіп сайлап алады. Бұл кезде Өшетінің шұрайлы жайылымдары ұзақ жылдар бойы зорлықпен иемденіп алған моңғолдардың қарамағында болатын. Қазездің ел тізгінін қолға алысымен, ең алғаш бастаған жұмысы сол жерді қайтарып алу болды. Бабалар қанымен суарылған топырақтың бір уысын да жат қолына жібермеймін деп бекінген қайсар азамат дегеніне жетіп тынды. Ата қонысты қайтарып алып, жұртының намысын қорғады. Осы мақсатына жету үшін талай кедергіні тас-талқан еткен Қазездің ерлігі жайындағы әңгімелер бүгінге дейін ел есінде сақталған.

1953 жылдың көктемі. Байлығына серілігі жарасқан Қазез отбасы Көкқорандан көшіп Қатуға шығады. Оғы жерге түспейтін мерген азаматтың мылтығы үнемі иығында жүретін. Кенет оның алдындағы жартастардың басынан бір тауешкісі кез болады. Аң десе арқасы қозып, алақаны қышитын мерген нысанасына жақындай түседі. Жалама тастарға жасырынып отырып, тауешкісі тұрған тастың түбіне жақындап келіп, ары қарап, аңдаусыз тұрған аңды атып салады. Сол-ақ екен, атылған оқ биіктегі



ешкінің желінін оса барып, шабын тіліп өтеді. Ажал оғынан құтылмаған тауешкісі жалғыз-ақ бақырады да, жарылып кеткен қарнынан егіз лақ тулап түседі. Желінді керіп тұрған сарыуызы мергеніміздің бетіне келіп шашырайды.

Жалғыз тұрған буаз ешкіні атқанына іштей күйініп, бетіне шашыраған жып-жылы уыздан сескеніп қалған Қазез қатты ауырады. Сол жерден аттап басуға шамасы келмей, тұла бойы ауырлай береді. Жол ортада қалып қойған салқар<sup>1</sup> көштің дәрігер табуға мүмкіндігі де жоқ еді. Көш аялдауға мәжбүр болды. Үш күн бойы зарланып, арсы-күрсі жанын қинаған ауру азабынан аяулы азаматтың өмірі қырыққа жетер-жетпесте қыршынынан қиылады.

Арыстай азаматынаң, ел басқаратын ерінен, көш бастайтын серкесінен айырылған қалың ел қазадан қан жұтты. Езілген ел Қату тауын күңіренітіп жоқтады. Атанға артылған арыстың мәйіті Өше-тінің Жіңішкесу деген жеріне жерленді.

«Басқа түссе баспақшыл» дегендей адуынды Бақатай ана тағдырдың қатал сынына қайсарлықпен төзе білді, парасаттылық танытты. Отағасынан айырылып жас қалғанына қарамастан, енді бес


---

<sup>1</sup> *Салқар – айтулы, дабыралы, салтанатты мағыналарында*



жасқа шыққан Шәрипасымен оның артынан ерген қарғадай Құмарына, апыл-тапыл басып жүрген Қанағатына үйірілді. Әкесі Нұрғамидың қамқорлығына, қайындарының қайырына сүйенді. Өзінің пысықтығына сеніп күн өткізе берді.

Шаңырағының тірегі болған отағасынан айырылып, барлық ауыртпалықты бір өзі арқалап жүрген Бақатай ананың күйбеңге толы қоңыр тірлігі жылыстап өтіп жатты. Кешегі сәби Шәрипасы оқу жасына да жетіп қалыпты. Әр нәрсеге таңғалып, «Бұл не? Ол не?» деген сұрағы таусылмай жүретін зерек қызынан сөзсіз оқудың керек екенін анық сезді. Бірақ, жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп жүріп қалай оқымақ? Ақыры, Өшеті ауылындағы мектепте беделді мұғалім болып істейтін Жөкен деген қайнысының үйіне тұрғызуға бекінді. Оқыған, зиялы қайнысы жеңгесінің бұл шешімін шынайы құптап, Шәрипаны өз қызы Шарбәннан артық көрмесе, кем көрмеді. Осылайша, ақ пейіл ананың, ақылгөй ағаның арқасында Шарипа қаламын ұштап, кітабын парақтап шыға келді. Бала жүрегі өз оқуының қаншалық қиындықпен келгендігін сезді ме екен? Сабағына ынталы, тапсырмаларына мұқият болды. Өмірдің қиын сәттерінде қастарынан табылып, әкеден айырылған жабырқау жүрекке сүйеу болған Шарбән



әпкесі бүгінде Жамбыл ауданының Сұңқар ауылында балаларымен бірге тұрып жатыр.

\* \* \*

Күндер аттай заулады. Кеше ғана тұлымшағы желпілдеп, әліппесін арқалап жүрген Шәрипа мектепті үздік бітіріп шықты. Анасының жүрегі қуаныштан жарыла жаздап, «Марқұм әкесі бір аунап түскен шығар» деп Аллаға шүкірлік етті.

Оқуға ынталы, зерек, қағылез Шәрипа үздік оқушы ретінде орталауды тауысады. Қашан оқуын аяқтауды тағатсыздана күтіп жүрген, пысықша келген, жұқалтаң қараторы өжет азаматтың көктен тілегені жерден табылды. Қуанышы мен үкілеген үміті тотыдай түрленген, аққудай таранған, бүлдіршіндей қарақат көз, аққұба ару болды да қалды. Мүлде естен тана ғашық болды. От жүрегі Қату-Жәйірді өртеп жіберердей лапылдаған бұл азамат Зекей Тұрсынбекұлы еді. Ол 1961 жылы Үрімжіден Көмір-кен техникумын бітіріп келіп, ауылда әр түрлі жұмыстар істей жүріп, өз талантымен жаңадан құрылған Өшеті ауылдық партия комитетінде қытай тілін қазақтарға аударып беретін аудармашы болатын.



Қытай қоғамындағы бұл кезең әр түрлі саяси науқандардың белең алған шағы. «Таптық күрес», «мойынсерік», «коммуна құру» қызу өрлеуге көтерілген. Бірді-бірге жанып, жоғарыға жеткізіп, өрекіп тұрған «қызыл белсенділер де» Шарипа апайды «қанаушы феодал таптың тұқымы», «зәңгінің қызы» деп, момақан халыққа жау етіп көрсететін. Құлаққа түрпідей тиетін қаңқу сөздер мен қысымдар бұл отбасын жасыта алмады. Шешесі екі жастың қосылып отау болуын барынша құптап дүбірлі тойсыз, қарапайым өмір сүрулерін дәріптеді және оқу жасына келген Құмар мен Қанағатты да оларға аманат етті.

1963 жылдың наурыз айында үйленген екі жас келесі жылы Толыға аудан орталығына көшті. Осы кездерден бастап Зекей аудандық үкіметтегі аудармашылық жұмысын жалғастыра берді. 1983 жылға дейін білімін бекемдей түсіп, бөлім меңгерушісі, экономиканы дамыту мекемесінің бастығы, білім, мәдениет, денсаулық сақтау істері жөніндегі әкімнің орынбасары сияқты лауазымды қызметтер атқарды.

Шәрипа апай ойына өткен-кеткендерін оралта отырып, өзінің талпынып жүріп мемлекет қызметкері болғанынан бастады тағы бір әңгіме желісін:

– 1960 жылдар халық жағдайының



аса қиын кездері еді. Шешем Бәрікталдағы коммуналасудың өндіріс отрядында аспаз болып та жұмыс істеді. Бір күні «шешең ауырып қалыпты» деген хабар алдым. Дарбытыдағы<sup>2</sup> нағашы атаммен бірге болатын. Зекей екеуіміз бардық. Қал үстінде жатыр екен. Уланғаны, әлденеден ұшынғаны белгісіз, әйтеуір халі мүшкіл, тілі күрмелген. Бізді төсегінің қасына ыммен шақырып алып, қолымызды қатты қысты. Онысы қоштасып бақұлдасуы және біздің мәңгі тату-тәтті отбасы болуымызды тілегені болуы керек. Екі саусағын қайта-қайта шошайтып көрсете береді. Үйдегілер «екі бауырыңды айтып жатқан сияқты» деп, екеуін қасына ертіп келді. Оларды беттерінен искеді де, бізге ұстатып жатып көз жұмды. Аманат етіп тапсырып кеткені белгілі болды. Жасы жетпеген анамның мезгілсіз дүние салуы еңсемді түсіріп, қара аспандай түнекке қалдырып, күйзелтіп-ақ кетті. Қатал тағдыр кімді аясын ... Жанымыз бөлек болғасын ақыры көндік те.

Өмір бірде күлдірсе, бірде жылатады. Екі бауырымызды қолымызда әлпештеп, бірінен соң бірін орта мектеп оқыттық. Үйлендіріп, отау етіп бөлек шығардық. Бірі – орман қорғаушы, бірі техник

---


<sup>2</sup> Дарбыты – жердің аты



болды. Олардың ел қатарлы кәсіптенуіне Зекейімнің көмегі көп тиді. Баласындай бауырына тартып, әкелік қамқорлық жасады. Мен келіндерімді өзім түсіріп, ертерек ене атандым. Олардан білген ақылымды, қолдан келген көмегімді аямадым. Ол кезде қолымыз қысқа, еңбекақы төмен. Туыс-туғандарымыздың да, жалпы, елдің жағдайы солай. Біреудің біреуге қарайтын шамасы жоқ. Байдың қызы болып шалқып, ішкенім алдымда, ішпегенім артымда, барды киіп, бақанды қолға алатын шағымда әкеден айырылыппын..

Қарағым, өмірдің өзі таусылмас дастан екен. Орталау мектепті үздік бітіргендігім себепті қызмет тезден табыла кетті. Менің жұмыс тапқанымды Зекей қолдады. Өйткені, оның көзі ашық, көкірегі ояу ғой. Ол кезде оқыған қыздар өте аз және олар қызмет орындарына көп бара бермейтін. Бұл 1968 жылдың күзі болатын, Тарбағатай аймақтық уәли мекемесінен «кадрлікке» емтихан алып, қабылдау комиссиясы біздің жерге келе қалды. Ізденіп жүріп тізімге іліндім. Кейбіреулер: *«Екі-үш баланың анасы болдың, секектеп ерлермен бірдей кадр болам дегенше, үйіңде отырсаңшы»* деп күңкілдеп жатты. Дегенмен, ол кезде әділдік бар еді. Алғашқы емтиханнан сүрінбей өттім. Көп ұзамай Толы аудандық мейманханасы-





ның партия бөлімшесіне жұмысқа тұрдым. Емтихан үш жылға жалғасты. Алынған сынақтың бәрінен іркілмедім. Осы үш жылдың сынағын толыққанды нәтижемен тапсырғандығым себепті *заңды кадр* болып, партия бөлімшесінің хатшылық қызметін атқардым. Партия мен үкіметтің тапсырмаларын бұлжытпай атқарып, қол астымдағы жиырмаға жуық қызметкердің белсенділігін қозғап, кезіккен қиындықтарды тиянақты шешіп, қызметтің ақаусыздығын кепілдендірдім. Енді бір жағынан үй шаруасына жүгіріп, келген қонақтарымды қабақ шытпай аттандырам. Балаларыма қараймын, күйеуімді күтемін. Жалындаған жас шағым болғандықтан бәріне де үлгеріп жүрдім.


1990 жылдарға дейін Қытай қоғамы экономикалық тұралау кезеңдерін бастан кешірген. Халықтың жағдайы тым мүшкіл болды. Оның үстіне Толы мемлекет бойынша кедей аудандардың бірі саналатын. Жері үстірт, мал шаруашылығынан басқа кәсіптің кілтін ұстата қоймайды. Мен сол уақытта Шынжаңдағы үш ірі басылымның бірі – «Іле газетінің» меншікті тілшісі болып жұмыс істейтінмін. Осы ауданға үнемі барып, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы талай мақала жазғам. Сондықтан, ауданның жалпы жағдайына қанық едім. Осы жылдар



арасында бүкіл Қытай елі жаппай реформа жасап, шетелдерге есікті айқара ашу, өндірісті өркендетуге қауырт көшудей ұтымды саясаттарын жедел жүргізе бастады. Әңгіме осы араға келгенде:

– Апай, шегініс жасай отырып, әулеттеріңіздің маңдайына біткен, тіпті, сол жердегі исі қазақтың мақтанышына айналған жел тимес жүйрік қоңыр ат жайлы аз-кем аялдай кетесіз бе? – дедім, қиын кезеңдердің қызық тұстарына ат басын бұрып. Өтінгенім сол еді, қатал тағдырдың қасіреттерін бір сәт естен шығарып, желден жал, шаңнан құйрық тағатын әйгілі қоңыр ат туралы сүйіне әңгімелеп берді.

– Әкем марқұм қоңыр атты дөнен кезінен баптай бастады. Көзден таса жерлерге арқандап, бие сүтін беріп отыратын. Өзі ерекше жуас еді. Оны ел де, өзіміз де құтқа балайтынбыз. Бала кезінде сол қоңыр атты мініп, бәйгеге шапқан Қабимолла деген бала ержете келе Қытайдың белді университетінің біріне түседі. Елдің атпал азаматына айналады. Қызметі жоғарылап, абыройы асқақтап, қысқа өмірінде біраз белестерді бағындырып үлгереді. Сол кісі үнемі: «Өмірдегі жеткен жетістігім, алған қамалым қоңыр атпен тікелей байланысты. Аймақ бойынша алдына қара салмаған қоңыр атты мініп, Майлы-Жәйір, Орқашар, Құлыстай алқабындағы неше



ауданның жүйріктері қатысқан аламан бәйгінің бас жүлдесін алып қайту маған үлкен шабыт сыйлады. Шын жүйрік болуға сол сәттен бастап серт бергенмін», – деп ағынан жарылып отыратын.

Жылқы баласы қай қазақтың делебесін қоздырмай, арқаландырмай қалушы еді?! Анамыздың әңгімесіне мен де араласып кеттім:

– Марқұм нағашы атам Берікбай Жақсылықұлы қоңыр аттың хикаясын үнемі айтатын. Мойны ұзын, сүйегі арбиған сыйықсыздау, өзі жуас, ауыл маңынан ұзамайды екен. «Ат арыса – тулақ, адам арыса – аруақ» демекші, қоңыр ат қартайған шағында орнынан тұра алмай қалыпты. Бір күні ауылда үлкен той болып, көкпар тартылыпты. Көкпарға түскен қалың жылқы іргеден дүркіреп өткенде, тұра алмай жатқан қоңыр ат орнынан атып тұрып, дүрмекке ілесіп шаба жөнеліпті. Қоңыр ат жайында осындай әңгімелер сол өңірде кең таралған. Бақиға аттанып кеткен дәулескер күйші, әйгілі композитор, журналист, ақын, Қытай мемлекеттік сыйлығының иегері Физат Сейтқазин ағамыздың қоңыр атқа арнаған “Желаяқ” атты күйі қоңыр да мұңлы әуенімен әлемді шарлады. Шежіреші, ақын, қиссагер, даңсалы қарт болған марқұм Жәләли көзі тірісінде “Қоңыр ат” деген поэмасын жариялап кетті.



– Сол арғымақтың қас жүйрікке тән қасиеттері сіздің және ұлдарыңыздың бойынан көрініп жүрген жоқ па?

– Рас айтасың. Әлгіндегі әңгімеміздің желісіне қайта оралайың, – деді Шәрипа апай маңдайындағы тағдырдан қалған тарам-тарам сызықтарын бір сипап қойып, – әңгіме дүкенін қыздырып жібердік-ау деймін. Ол кезде аудан халқының тұрмыс өресі төмен болатын. Екі бауырымды оқытып, қатарға қосқанымды айттым ғой. Олардың балалары да біздің үйге бауыр басты. Есігіміз ашық, дастарқанымыз мол, пейіліміз кең болды. Солардың бәріне жүгіріп жүрген мені көріп: «Шәрипа-ау, бір мойныңда қанша жүк бар? Неткен тесік өкпе әйелсің?» деп көршілерім жағасын ұстайтын.

«Бір қозы артық туылса, бір түп жусан артық шығады» деген мақалды бабамыз қалай тауып айтқан. Құдай дүниеге бір нәресте әкелсе, несібесін қоса береді деген сөзі тегін айтылмаған екен. Қызметім қарбалас болса да, балаларды оқытуды басты мақсат еттік. Ол күндері Зекейдің қолы жұмыстан босамайтын. Үйдің ауыр-жеңіл жұмысына қарайтын уақыты да жоқ. Оның үстіне отағасымыз сауықшыл болды. Үйден қонақ үзілмеді.

Ол кезде босанған әйелдерге бір жұма демалыс беретін. Мен үш-ақ күн жататынмын да, белімді буып алып үй



шаруасына араласып, қонақ күтетінмін. Қазіргі жастардың жағдайлары жақсы ғой, жандары да аяулы. Жансебілдікпен тыным таппай жүрсем де, рухым өте сергек, өзімді бақытты сезінетінмін. Балалардың алды орта мектепке бара бастады. Алдыңғы қатарлы өнегелі отбасына айналып, ел арасындағы қадіріміз де жоғарылай бастаған. Әсіресе Зекейдің алғырлығы мен іскерлік қабілеті бәрін мойындатып, ел алдындағы беделі мен абыройы асқақтап тұрды.

Бірақ, өкінішке орай, отбасымыздың мұндай бақытты күндері ұзаққа созылмады. Бір-ақ күнде төбемізден жай түскендей болдық. 1985 жылы қараша айының 5 күні аспанымызды қара бұлт торлап, тауымыз шағылып, шаңырағымыз қара жамылды, күңірене қан жылаған ұмытылмас ауыр күн болды. Осының алдында ғана Зекей бірнеше серігін ертіп Үрімжіге жиналысқа кеткен. Қайтарында Күйтің-Толы тасжолында көлік апатына ұшырапты. Апаттан аман қалғанымен ажалдан құтыла алмады. Басындағы жарақатты елемей, ауыр жараланған жолдастарын көтеріп алып, жолдан машина тосып, қайта Күйтің қаласындағы ауруханаға жеткізеді. Өзі де жығылады. Сол жығылғаннан тұра алмады. Миға қан көп құйылып, қайтыс болды...




«Орнында бар оңалар» демекші, балаларымның қабырғасын қайыстырып, жігерін жасытқан күндер де артта қала берді. Олар оқуларына құлшынды. Орта мектепті алтын медальмен бітірген үлкен ұлым Серік Шыңжаң медицина университетінің жеті жылдығына оқуға түсті. Оны да қос қызыл дипломмен бітірді, медицинадан бакалаврлық атақ алды. Бейжіңде білімін толықтыра түсті. Үрімжідегі өкпе-жүрек ауруханасында, ауруларды емдеу-зерттеу орталығында және туберкулез аурулар институтында дәрігер болып жұмыс жасады. Жоғары дәрежелі дәрігер және аға зерттеуші деген ғылыми атаққа қол жеткізген ол 2000 жылы қазақ еліне оралды. Академик бауыры Жасан Зекейұлынан ине қоюды үйренді. Сол «Жас-Ай»-да жүрген кезінде інісі Қаскелеңнен үй алысып, айырым орталығын ашып берді. Міне осындай аға-бауырларының бәріне Жасан Зекейұлы көшбасшы болып Қазақстанға көшіріп әкеліп, оларға бағыт-бағдар беретін, жол сілтеуші қамқоршы бола білді. Қазір Қазақстан емшілер қауымдастығы «Шығыс медицинасы емдеу орталығының» бас дәрігері (Қаскелең қаласы). ҚР халық медицинасы және ғарыштық қуат академиясының толық мүшесі әрі академигі, халықаралық дәрежелі дәрігер-емші,



Шығыс медицинасының магистрі. Бірнеше медициналық кітаптардың авторы. Қытай мемлекеттік және халықаралық беделді басылымдар мен ғылыми конференцияларда 40-қа жуық ғылыми еңбегі жарық көрген.

Ал, екінші ұлым Жасанды өзің білесің. 1984 жылы Шынжаң медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түсіп, ол да қызыл дипломмен бітіріп, Іле Қазақ автономиялы облыстық Күйтің орталық ауруханасының бес мүше және көкірек-жүрек бөліміне хирург – дәрігер болып орналасқан. Бірнеше рет ерен еңбегі үшін марапатталып, Бейжің, Тілжің қалаларында білімін арнаулы жетілдіріп, ҚХР Денсаулық сақтау үздігі және 100 үздік жас ғалымдар қатарына кірді. 1995 жылы Елбасы және Денсаулық сақтау министрлігінің шақыруымен тарихи Отаны Қазақстанға біржолата көшіп, Жасан Зекейұлы Алматыға көшіп келді. Еңбегімен, қабылетімен, ізденісімен ғылым биігінен көрінді. Қазір ол Қазақстанға және алыс шет елдегі халыққа таныла бастаған медицина ғылымының докторы, профессор, Халықаралық шығармашылық академиясының академигі, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, Вена халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», «ҚР денсаулық сақтау ісінің




үздігі», халықаралық «Сократ» атындағы орденнің иегері, «Жас-Ай» медицина орталығының бас директоры және журналының бас редакторы, «Ел шуақ» қоғамдық қорының төрағасы, 150-ге жуық ғылыми еңбектің, медициналық 7 кітаптың авторы. Келінім Гүлия Әлиханқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің доценті білікті ұстаздарының бірі.

Үшінші ұлым Сержан қазір осы Алматыдағы Қазақ-Қытай мұнай-құбыры дей ме, әйтеуір соның автокөліктерін басқарып жүр. Ол ұлымды да Жасан ағасы жұмысқа орналастырып, баспана сыйлады. Ол 1993 жылы Қытайдың Іле Педагогикалық институтынан химия мамандығы бойынша тәмамдаған. Облыстық сауда мекемесінде атқарушы менеджер болып істеген болатын. Келінім Шолпан екеуі бірге оқыған екен. Олар да осында көшіп келген.

Ержан деген ерке ұлым 1997 жылы Шыңжаң университетінің радио байланыс мамандығын үздік бітірген. Үрімжіде бірқанша жыл жетекші маман болып жұмыс істеген еді. Онысын місе тұтпады ма, білмеймін, қазір Алматыда инженер болып жұмысқа орналастырды.

Ерсін деген жиеніммен бірге Жасан балам сыйлаған шаңырақта Жанар де-






ген келінім және екі немереммен бірге Қаскелеңде тұрып жатырмын. Ерсін «Жас-Ай» медициналық орталығында жұмыс істеп жүр. Жағдайлары жақсы.

Қарағым, үйімізден өзімнің бауырларымның, туыстарымның балаларынан 10 баланы қолымда ұстап, орта мектепті қадағалап оқытқан соң, түгел университетке аттандырдым. Олардың алғыр, қарапайым, көргенді, ізетті болып ержетулеріне азды-көпті тәрбиелік ықпалымның болғанына кейде мақтанам. Солардың бәрін үйлендірдім. Ақ босағамызды инабатты, ибалы келіндер аттады. Мен келіндеріме “Ырыс алды – ынтамақ” екенін ешуақытта естеріңнен шығармаңдар деп, үлкендік, аналық ақылымды айтып отырамын.

*Армандарың арынды, төбіндерің,  
Тік ұшырып түтінді ерінбедің.  
Немерелер әлегін бақыт санап,  
Жайраңдаған айналдым, келіндерім.*

*Ақ жаңбырдай көктемгі себілгенің,  
Отауларға гүл болып егілгенің.  
Шеше көрген тектілік бойларыңда,  
Алдымнан қия өтпейтін келіндерім.*

Бұл – менің келіндеріме арнаған ақжарма тілегім.




Шәрипа апай: – *Біздегі ең басты құндылықтардың бірі – өнегелі, дені сау ұрпақ,* – дейді аналық мейірімге толы сөздерінде. Оның осы бір аузын ашса жүрегі көрінетін, аналық ақ пейіліне қарап отырып, жетімдер үйіне өз нәрестелерін тастап кете баратын тасбауыр жас аналардың безбүйректігіне қайран қалам. «Бала – адамның бауыр еті» емес пе. Ұлт дәстүрін бәрінен биік қоятын Шәрипадай ақылман тәрбиешісінің арқасында халқымыз өзінің тілі мен ділін, дінін сақтап келе жатқанын сүйіне айтамыз.

Ал «Балаларым» деген бір өлеңінде былай деп жазыпты:

*Көктем күліп келмесе,  
Жаздың сәні келе ме?  
Ұрпағы жақсы болмаса,  
Ата-ана сәні бола ма?  
Қуанышым – балаларым,  
Мойнымдағы тұмарларым.  
Өздеріңсің, паналарым,  
Мақтан етер аналарың.*


Иә, мақтан етуге жарарлық ұрпақ өсірген ата-ананың арманы жоқ.

Шәрипа апайдың Толы аудандық мейманханасын да жауапты жұмыс атқарып, қоластындағы қызметкерлерін шырқ иіріп жүретінін, жатақхана қарау-



шы, тіркеуші, күтуші дейсің бе, ас мәзірлерінің сапалы дайындалуы, жоғары-төменнен үзілмей келіп жататын әр ұлтың лауазымды адамдары мен қарапайым қонақтарын жылы шыраймен қарсы алу, ұлттық ерекшеліктегі даралықпен қызмет көрсету, тәртіп-түзімнің атқарылуы, әрбір адам, қызметтестердің жауапкершілігін қадағалау қатарлы күнделікті міндетін тапжылтпай атқаратындығына талай куә болғам.

– Иә, өзің де көргенсің, – дейді апай – онда бізде көлік қайдан болсын, мінетін жалғыз көлігім – велосипед. Үй мен жұмыс аралығына қысы-жазы сонымен қатынаймын. Зекей қайтқан соң ошарлы жанды бағу бір менің мойынымда болды. Кейін келе ұлдарым оқумен, қызметпен тұс-тұсқа кетті, олар мен көрген қиындықтың бірін білсе де, бірін біле бермейтін. Оларға айтып та жатпайтынмын. Балалардың киім-кешегі, оқу қаражаттары, азық-түліктері деймісің, бәр-бәрін реттеймін. Күйкі тұрмыс күйбеңіне қызметімді араластырмауға тырысатынмын. Жалғыз менің еңбекақым неге жетеді? Басқалардан қарызға ақша алып, уағында қайтарып тұрам. Қытай үкіметінің бәр өділдігі Зекей үкімет жұмысы барысында басқаларды құтқарып жүріп, қайтыс болды. Сонымен қатар, біздің отбасымызға «Құрбандар» отбасы деген ат




беріліп, аз да болса әр балаға оқуларын аяқтағанша жәрдемақы көмек ақша беріп отырды.

2004-2007 жылдар мен үшін өте ауыр болды. Өзімнен кейінгі екі бауырым (інілерім) – Құмар мен Қанағат бірінен соң бірі қайтыс болды. Қиындықтың бәрін артта қалдырып, бойды кеңге салып, Алланың қуатымен бақытты шақтарды өткізе бастаған едім. Бірге тұмақ болғанымен, бірге өлмек жоқ екен. Қайғы жұттым, күйзелдім. Тәлкекке түскен бас қой, жазмыштан озмыш жоқ екен. Дәм-тұзым таусылса, мен де барармын солардың қасына. Алланың бергеніне де, алғанына да шүкір деймін. Әйтеуір арттарында 4-5-тен ұрпақтары қалды. Олар да Алматыға ұлдарыма қара тартып бірінен соң бірі келіп, орын тепті. Бірнешеуінің үйленуіне Жасан көп көмек көрсетті.

Өмірдің ащы-тұщысын көп көрген көреген ана әр сәттеріндегі көңіл-күйлерін, тебіреністерін өлеңмен өрнектеп қойын дәптеріне түрте жүруді жақсы әдетке айналдырған көрінеді. Қан қысымының жоғарылауынан о дүниелік болған екі бауырына арнаған қазалы жырларының біреуі шумағын ұсынайын:

*Қайранда екі бауырым,  
Кеттіңдер неге қайырылмай?  
Қайғының жұтсам ауырын,  
Шыдайын қалай майырылмай?*



*Өтірік күліп, шын жылап,  
Әпкең де жалғыз қалды артта.  
Алды ғой ажал тұнжырап,  
Оларға тәңір күнә артпа!*

*Япырмай, неткен арман-ай,  
Жер сипап қапы қалғаным.  
Бір ауыз сөз ала алмай,  
Күңіреніп, жоқтап барғаным!*

*Барармын мен де ерте-кеш,  
Сағынған мауық басылар.  
Құдайсыз мұным серт те емес,  
Маған да бейіс ашылар.*


Шәрипа апай 1968 жылы мемлекеттік қызмет істеген жылдарында өзіне аса ауыр талаптар қоя білді. Жауапкершілікпен халыққа адал қызмет жасады. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін тиянақтылығының, жұмыстың көзін таба білетін іскерлігінің арқасында ұжымының құрметіне бөленіп, абырой биігінен көрінді.

Толы аудандық партия комитеті мен халық үкіметі еңбегін жоғары бағалап даңқ төріне шығарды. «Озат қызметкер», «8 наурыз аналар қызыл тушысы», «Үлгілі партия мүшесі», «Өнегелі ана» деген құрметті атақтарымен 17 рет марапатталып, диплом, медальдарға ие болды. Аудан шығарған тарихи шежіре-

лік томына оның өмірбаяны мен ерен еңбегі туралы деректік ақпарат енгізілді. «Тарбағатай газеті» қатарлы біраз ақпараттық басылымдар оның ізгі істерге толы еңбек жолымен көл-көсір аналық мейірімін баршаға жария етті. 1998 жылы зейнетке шыққан ана Қазақстан мен Қытай арасында емін-еркін саяхаттап, бақыт құшағында тербелуде. Иә, ғазиз ана еңбегінің зейнетін көруге хақылы. Оған тағдырдың да тарлық істемесіне, қайта мерейін асқақтата беретініне сенімдіміз.

**Болат ҚҰРМАНҒАЖЫҰЛЫ,**  
*публицист-жазушы.*






## Топты жарған тұлпарым, жарқыраған Жасаным

Тәуелсіздік – мың өліп, мың тірілген қазақ үшін ең бағалы, ең қастерлі ұғым. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген халық даналығының мағынасы атажұрттан алыста жүрген ағайын үшін айрықша қымбат. «Арқа жылы болса арқар ауып несі бар» дегендей, қазақтардың жат елге тарыдай шашылып, талайлы тағдыр, тар жол тайғақ кешулерді бастан кешкендігі бөлек тақырыптың әңгімесі. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы тарихи өзгерістерге дейін Қытайдағы Қату тауының баурайын мекен еткен қазақ жұрты үшін бұл жер байырғы ата қонысы саналатын. Шекара бөлінген соң, халық аузында «арғы бет», «бергі бет» деген ұғымдар пайда болды. Қытай жеріндегі қазақтар арғы бетте қалдық. Бұл – сөздің мысалы болсын деп айтып жатқаным ғой.

Тәуелсіздік таңы атқанда жүрегі жарылмаған қазақ жоқ. Соның бірі – менмін. Отағасым Зекей өмірден ерте кетіп, алты баланың оқу-тәрбиесі, отбасының бүкіл жауапкершілігі жалғыз өзімнің арқама түскен кезде қиналған күндерім аз болған жоқ. Бірақ Аллаға шүкір, балаларым Зекейдің атына жаманат келтірген жоқ, жақсы әкенің жалғасы



екендіктерін оқуда да, еңбекте де дәлелдеп келеді.

Елбасының шетелдегі қазақтарды Отанына қайтаруға бағытталған сара саясатының арқасында дәрігер-ғалым ұлым Жасай да алған білімі мен жинаған тәжірибесін туған елінің игілігіне жарату мақсатымен атажұртқа қоныс аударды. Содан бері халықтың денсаулығын қорғау жолында, яғни шығыс емінің кеңінен қанат жаюына күш-жігерін аянбай жұмсап келе жатқандығына ел куә.

Отандық медицина саласындағы айтулы жетістіктері тек республика көлеміндегі мамандардың ғана емес, шетелдік ғалымдардың да назарын аударды. Айталық, 2009 жылы танымайтын Еуропа елі Жасанымның медицина саласындағы ерен еңбегін ерекше бағалап, мерейін асқақтатты. Еуропалық Бизнес Ассамблеясының номинациялық комитеті мен Вена халықаралық университетінің ғалымдар кеңесі ТМД-дағы 15 республика мен Еуропаның 7 мемлекетіндегі ғалым-қайраткерлердің еңбегін саралап, таразылай келе, марапатқа лайық деп тапқан 30 адамның бірі болды. Ал 2010 жылдың 14 желтоқсанында Вена қаласындағы Ховборг сарайында Дүниежүзі ғылымын дамытуға сіңірген ерен еңбегі үшін сирек тұлғаларға ғана берілетін Сократ атындағы бағалы





орденді Еуропа ректорлар кубогының президенті өзі таққанын мақтанышпен айтуға болады. Бұл жетістігін отандық басылымдар жеке тұлғаның ғана қуанышы емес, ұлт қуанышы деп бағалады. Өткен жылдың сәуір айында Жапонияға барған сапарында алдыңғы қатарлы ғалымдармен тәжірибе алмасып қайтты. Күншығыс еліндегі халықаралық конференцияда осы елдегі атомдық жарылыстардың зардабынан дені сау ұрпақ туу көрсеткішінің айтарлықтай төмендеп отырғаны өзекті мәселе ретінде қаралды. Жапон медицинасының атқарып жатқан істері таныстырылды. Бұл орайда Қазақстанда да түйткілді мәселелердің аз еместігі дәрігер-ғалымды аз толғандырып отырған жоқ.

Саналы ғұмырын адам жанының арашасы болуға арнауды мұрат тұтқан Жасай: *«Адам өз өміріне тікелей ықпалын жасайтын мамандығын адаспай таңдағанда ғана оның жемісін көре алады, – дейді. – Мен осы сүйікті мамандығымды дұрыс таңдадым деп нық сеніммен айта аламын. Сонау мектепте оқып жүрген бала кезімнен-ақ дәрігер болуды армандап едім. Міне, бүгін сол қалаған кәсібімнің білікті маманы болдым. Оған себеп, жаным кілең жақсылардың жиналып, бүгінгідей ел ықыласына бөленуім – тек адал*



*еңбек пен ащы тердің жемісі*, – деген сөзінің мәнін мен анасы ретінде толық түсінемін, менен басқалар да түсінеді деген ойдамын.

Тынымсыз тірлікте адам баласының арманы таусылған ба, Жасанымның да арманы көп. Өйткені болдым-толдым деп жеткен жетістігіне дандайсу, тоқмейілсу оның болмысына жат. Ең басты мақсаты – нысаналы бағытына таймау, алдағы уақыттарда да ғылыми ізденістерін тоқтаусыз жалғастырып, олжалы табыстарын ел игілігіне жарату жолында аянбай еңбек ету. Қазақстанда Елбасының сындарлы саясатының арқасында халықтың денсаулығына үлкен мән беріліп, көптеген игілікті шаралар қолға алынып отыр, алына да бермек. Елім деп еміреніп келген азаматтың еліне бергені аз емес, берері одан да көп. Сол игілікті мұрат жолында мен Жасан балама шаршамауды, Алланың берген қуатымен елімен бірге жасап, алар асу биіктеріне өрлей беруін тілеймін.

*Анасы Шәрипа ҚАЗЕЗҚЫЗЫ*  
2012 ж.

## Тіршіліктің иесі де, киесі де Ана

*Ру амандығына, ел тағдырына қатысты қазақ  
әйелдерінің жауапкершілігі ерлерден  
еш кем болмаған.  
Ақселеу Сейдімбек*


*Шарипа апамыз туралы сөз толғасақ, есіме қазақтың ғасырлар желісіндегі алтын арқауын үзбей жалғастырған ардақты аналардың бейнесі көз алдымызға келе қалады. Ұмай Ананы пір тұтып, Бибі Фатима піріне сыйынатын біздің елде ажарымен де, ақылымен де данышпан атанған әйелдер аз емес. Оған етегін тарта буынып, бұрымын шарта түйініп, намысы мен ары үшін, баласы мен жары үшін, ерге қонып мықтанып, жалаң қылыш ұстанып жауға шапқан батыр аналарымызды және қосыңыз. Дүйім елге билік айтарлық шешендігімен, бір рулы елді біріктіріп ұстаған көсемдігімен танылғандары қаншама.*

*Ертеректе бір аңызда «Бір ұл тәрбиелесең – бар әулетті тәрбиелегенің. Ал бір қызды тәрбиелесең – бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген өсиет қалған екен. Сол өсиет нақ қазақ қызына, қазақтың анасына тән бе деп қалам. Қазақ халқы әйел затын құрметтеген халық. Қазақтың дәстүрлі қоғамында*



*«Еркек – үйдің егесі, әйел үйдің шөгесі» демей ме?! Бұл бұлжымас қағиданың өміршеңдігі сонда, осы қарапайым ғана пәлсапа қазақ отбасын айрандай ұйытып, мемлекеттің іргесін шайқалтқан жоқ. Киесі мол қазағымның шаңырағының қадір-қасиетін сақтауда отанасының орнын ықылым заманнан осы уақытқа дейін ешкім де, ештеңе де айырбастай алған емес, айырбастамайды да. Иә, айтқанда да, айтпағанда да тіршіліктің иесі де, киесі де – Ана.*


*«Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» депті Имам Хомейни. Тиянағы тура айтылған асыл сөздің бірі осы. Әңгімемізге арқау болған кейіпкеріміз Шәрипа Қазезқызы ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, Зекей әулетінің еліне елеулі, халқына қалаулы қадірлі келіні, немерелерінің аяулы әжесі, жасында көрген бейнетін зейнетке айырбастап, ел іргесінің тыныштығы мен бүтіндігін ойлаған данагөй Ана дәрежесінде орын алып отыр. Асыл арманын ұрпағына жалғаған, аналық парызына адалдығын алғаусыз пейілімен де, еңбек десе өзі де жанып, басқаларды жандандыра білген елгезектігімен де айналасының шынайы құрметіне бөленген қазақтың қарапайым анасы. Шәрипа апаның асыптасу, орынсыз мақтану, көлгірсіп ақыл*



айту, біреудің сыртынан ғайбат сөз айту, екіжүзділік сияқты дерттерден бойын таза ұстағандығы жанының кіршіксіз тазалығында, кісілік кішілігінде, тегіне біткен адамдық асыл қасиеттерін бойтұмарындай қастерлеп, кір шалдырмағанында, бір сөзбен айтқанда имандылығында болса керек. «Кісі болар кісінің кісіменен ісі бар» дегендей, Бақаутай анасының сүтімен, Қазез әкесінің қанымен келген сүйегіне біткен тектілігіне өмірдің ащылы-тұщылы сабақтары, ел жақсыларының ұлағатты ғибраты мектеп болғандай...

... Нұры таймаған аласы аз қара көздеріндегі мейірім шуағынан жақсыны жатырқамайтын кіршіксіз пейілі, кісіні кісесіне қарап танитын сұңғыла түйсігі аңғарылады. «Сыры кетсе де, сыны кетпеген сырлы аяқтың» сырына үңіліп, Шәрипа апаның өмір белестерінің жадында сақталған беттерін бірге парақтап, бір сәт өткенге шегініс жасадық ... сым пернені басып, сыр сандықтың құпиясына үңілдік.

Бір көргенде сөзге бірден кірісіп кетпейтіндей көрінгенімен, әңгіменің мәнжайын түсінген Шәрипа апа салмақты сабырмен ой тиегін ағытты:



... Мен тағдырыма ризамын. Әкемнен ерте айырылсам да, Зекейдей сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің сұлтанына жар болдым. Еңселі бітімі, жаратылысынан келісті пішілген кескін-келбеті есіме түскен сайын бейне бір түс көргендей аласапыран күй кешемін. Түс болғанда да тым шолақ, келте түс болар ма? Тағдырдың жазуына не шара?... Онсыз да қамшының сабындай ер азаматтың бір тұтам ғұмырын небәрі қырық екі жасында қыршынынан қиған жасағанның мергендігіне не дейін?!.

Бірақ тоқтамға келіп, тәуба дедім өзіме өзім. Аз жасаса да, Зекейім алтынның сынығындай жарқылдап, бықсымай, жалындап жанып өткен екен. Мәнсіз, мағынасыз, елеусіз өткен ұзақ жастан не қайыр екендігіне қарапайым пенденің көзі алдақашан жеткен. Зекей көзі тірісінде осы туралы ойламады дейсіз бе? Сонау Алаш зиялыларының орындай алмай кеткен армандарын ойлағанда өзегі өртенбеді дейсіз бе? Ата жұртқа деген аңсар сезімі ешуақытта бәсеңдеген жоқ. Ой толғады. Сырттай салмақты, қайғы-қамсыз, сері десең сері, сал десең сал, малы түгел болып көрінетін. Сол баяғы көпшіл мінезбен қашанда айналасына мейірім шашып, нұр төгіп




тұратын ойшыл да сыршыл, сұңғыла зерек көздерінде кісі жанын баурап, арбап, матап тастар бір сәулелі, сиқырлы күш жатар еді. Армандай білетін. Армандарына жетуге асығатын. Сағынған сәттерде ойлап кетсем, көзімнің анық жеткені – ол ер тұлғалы, мәрт мінезімен, дархан жүрегімен адамдарды баурай білген екен. Құшағы кім-кімге де болса айқара ашық. Кісі жатырқау, біреуді көкірегінен кері итеру – оның табиғатына жат болғандығын жақын білгендер мойындағаны хақ. Менің өз басым Зекейден көп тәрбие алыппын. Тумысынан құйма құлақ, оқығаны да, тоқығаны да мол, көргені де, естігені де тасып-төгіліп жатқан түпсіз бір тұңғыық тәжірибе мектебінен өтіп, рухани өмір дариясынан сусындаппын. Менің қытай тілін үйренуіме, білімімді толықтыруыма да көңіл бөлді. Ойлап отырсам, кейінгі Зекейсіз өтетін өміріме жетерлік рухани азық қалдырған екен ол. Өмірінің қысқа боларына көрінді ме, отбасылық тәрбиеде отағасының орнын, әкелік парызын соншалықты терең түсінгендігіне таңғаламын. Осындай дара, бірегей азаматтың жары болғаныма, алтын айдарлы ұл, тұлымшағы желбіреген қыз сүйдірген Аллаға мың бір шүкір. Өзі қаншалықты жұмысбасты болып жүрсе де, қолының қалт



еткен сәтін балаларының оқуы мен тәрбиесіне көңіл бөлуге арнайтын марқұм. «Сарқылмайтын, терең бойлаған сайын еселеп арта беретін бір байлық бар, ол – білім» деп құлақтарына құйып отырушы еді. Жұмыстан қалт еткен сәтін бос жібермейтін: балалармен бой жазып, қыдыруға, елдің игі жақсыларымен кездестіруге де уақыт тауып жататын. Иә, бала тәрбиесінде әкенің орны қаншалықты маңызды болатындығын сол кезде қаншалықты түсінгенімді білмеймін, бірақ әке тәрбиесінің зая кетпегендігін кейін түсіндім. Құдайға шүкір, біздің бағымызға балаларымыз сенімімізді ақтады. Зекейдің ұл-қызы деген атқа кір жуытқан жоқ. Зекейдің көзі тірісінде армандағанындай бәрі де білімімен мыңды жығатын білікті маман болып, әрқайсысы қоғамға, елге пайда келтіретін еңбекпен айналысуда. Зекейдің аманатын орындап, балаларын қанаттыға қақтырмай өсіруіме қуат берген Аллаға тағы да мың рахмет деймін.

Бүгін менен артық бақытты ана жоқ шығар. Жарығым Жасаным әкесінің арманын орындап, атажұртқа келіп, еліне қызмет істеп, еңбегімен елге танылып, сый-құрметке бөленіп жатыр. Соңынан бір қауым туыс-бауыр туған елге қоныс аударды. Осының барлығы дана Абай





айтқан адал еңбек пен талаптың арқасында жеткені.


Сөзімнің соңын балаларым мен немерелеріме арнаған батамен аяқтайын:


*Түндерің тыныш болсын,  
Үйлеріңе ырыс толсын!  
Келіндерім есті болсын,  
Ұлдарың сесті болсын!  
Балаларың қуаныш әкелсін,  
Немерелерің жұбаныш әкелсін!  
Орындарың төр болсын,  
Дастарқандарың мол болсын!  
Уайым-қайғы жоқ болсын!  
Жастардың қазасын көрмеңдер,  
Зұлымдардың жазасын көрмеңдер!  
Ынтымақ, бірлік болсын,  
Жарасты тірлік болсын!  
Аумин!*

Өршіл рухы мен қажыр-қайратын ұрпағының өсіп-өніп, өркендеуінен, туған-туыс, бауырларына деген қамқорлығынан аямаған аяулы ана қазірде еліміздің тәуелсіздігіне тәу етіп, жігер күшімен бекемдене түскендей. Ер адамды қастерлейміз, құрметтейміз, дегенмен, халықты халық, ұлтты ұлт ететін тал бесік тербеткен аналар екені шындық қой. Отбасының шырағы, берекесі, баяны да солар. Міне, осыны мәністегенде, аналардың

орнына және ешкім таласа алмайды. Аяулы да ардақты еланасы Шәрипа Қазезқызын қалай мақтасақ та жарасымды. Зейіні зерек Шәрипа апамыз есті сөзді жастайынан жадына тоқып, есер сөзді кейін ысырып, жан дүниесінің айнакөлін кір шалдырмаумен келеді. Болаттай беріктілік, темірдей төзімділік жаратушы берген қасиет болса, оны одан әрі өмір тәжірибесімен байытқан ардақты ана абыройдың асқарына шықты, аманат жанын адалдықпен аптады, кісілікпен күптеді. Сондықтан да бүгін Шәрипа Қазезқызының еңсесі биік, ажары ашық.

*«Мирас» баспасынан*






## Қаракөк тартар тегіне

... Сонымен бірге даңсалы қарттар ата шежіресін, танымал тұлғалардың асыл қасиеттерін ұрпақтарға үлгі-өнеге етіп айтып отыратын болған. Мәселен, Дәм-Өшеті, Орқашар, Жайыр өңірі мен қазір қытайша «Шөгей» аталып кеткен Қоржын Түбек аумағына дейінгі жерлерге атағы жайылған «Бек тәуіп», «Бек емші» деген ұлы атасының емшілік болмысын туған-туыстарына, бала-шағаларына аманаттап жеткізіпті. «Әулие» атанып кеткен сол Бек емші бойы екі метрден асатын алып денелі, өңі сұсты, айбатты адам болған екен. Кейде ауыр науқастанған адамдарды «көріпкелдік» қасиетімен алыстан сезетін болыпты.

Сонау жылдары Бек емші Толының Өшеті өзенін жағалап отырып, Орқашардағы қалың елге шілде айында сапарға аттаныпты. Иен даламен жүріп келе жатса жол үстіндегі қара қосты көріп, соған бұрылады. Қосқа кірсе өне бойына қалың қотыр қаптап, іріңдеп кеткен бір ер адам жатады. Қолқаны қабатын ірің иісі мүңкіген үйдің іші кірген адам шыдамайтын ауыр жағдайда екен. Дәл сол сәтте даладан отын алып келген әйел алыстан келген жолаушыға ауру күйеуінің қазіргі халін жылап-еңіреп баяндай жөнеледі: «Ауру жұғып кетеді»




деп жайлауға көшкен елден бөлініп, жалғыз сиырының сүтін сусын етіп, көшкен жұртта қалған аянышты күйін айтады. Жылап отырған әлгі әйел: *«Шіркін, Бек тәуіп деген шипагерді елден көп естуші едік, амал не? Сол әулиеі табатын шама бізде жоқ қой»*, – деген арыз-арманын айтып үлгереді. Бек емші далаға шығып, қоржынын алып келеді де, әлгі науқасты емдей бастайды. Өзі жасаған дәрілерін іріңдеп кеткен тұтас денеге сеуіп, түрлі жапырақтармен орайды да, *«осы ем шипа болып қалар, мен Орқашардағы елден қайтқанда келемін»* деп шайға да қарамай аттанып кетеді. Бір жұмадан кейін келсе, әлгі ауру адам құлан-таза жазылып кеткен екен.

Тағы бір жылдары екі көзі көрмей қалған бір зағип бала-шағаларының көмегімен Бек емшіні іздеп келеді. Емші әлгі сырқат адамның екі көзін байыптап тексеріп, суық торғайдың саңғырығын жылы суға езіп, күніне бірнеше рет тамызған екен, науқастың екі көзі шырадай жайнап кетіпті. Айрықша разы болған ол кісі өзі де ауқатты адам болса керек, Бек емшіге ішкі жабдығымен алты қанат ақ үй тарту етіпті.

Бек шипагердің қартайған кезінде ауылдастары:

– Қасиетті әулие, сіздің киелі өнеріңіз ұрпақтарыңызға жалғаса ма? – деп сұрағанда:




– Менің шөберелерімнен кейінгі ұрпақтарымнан көрінетін болады, – деп болжап кеткен екен қасиетті бабамыз.

Осындай әңгімелердің майын тамызып айтатын Зекей туған өңірден шыққан әйгілі Уайыс зәңгі, аттыға жол, ауыздыға сөз бермеген Мауқара шешен, жауырыны жерге тимеген Мұштари балуан, он саусағынан өнер тамған Мамыраздық зергер, ғажайып күйші Бәзғалам бабалары туралы да мағлұматты шежірелер шертетін. Соның бірі:

*Мауқара шешен адам Уақтағы,  
Билігін Керей, Найман қуаттады.  
Марқа тас, Қату менен Дарбытыны,  
Мекен қып кең түбекті суаттады.  
Бәзғалам өз кезінде жырау еді,  
Халқына жүрген адам ұнап тағы.  
Бәзғалам Мамырбекке күй тартқанда,  
Ақынды ұлық қалай ұнатпады?  
Мауқара жиында оны сөзбен шалып,  
Ұлықты талай көрген сынап тағы.  
«Алтайдан келгеніңді білуші едім,  
Артқаның екі түйе, бір ат тағы.  
Керейдің бар дәулетін жинап алып,  
Басыңа бақ қонған соң тұрақтады.  
Жетсе де екі мыңға жылқың сенің,  
Көрмедік бір тай мініп, сұрап тағы»*

– деп келетін халық жыры. Осындай отты өлеңдер Зекейдің арғы аталарының текті әулет болғандығын айғақтайды.



Көп үйреніп, көп білсем деген үлкен құлшыныспен өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарған азамат ел ортасында ілтипат-құрметтерге бөленді. Қоғамдық қызметтердің барлық сынынан өтіп, өзіне ауыр талаптар қоя білді.

Зекей Тұрсынбекұлының тыңғылықты қызметтері ескерілмей қалған жоқ. Коммунаның жай мүшесі бола жүріп, біртіндеп ауыл-ауданға аты мәлім тұлғаға айнала бастады. Мемлекеттің штатты қызметкері аталған соң ауыл-қыстақтардан келген қарапайым бұқараға қолынан келгенше көмек көрсетті. Шиеттей ұсақ балаларының үстіне алыс-жуықтан келіп жататын «шақырылмаған» қонақтарға қолда бар дәнін аямайтын Шәрипа тәтеміз үйіне келгендерді қабақ шытпай қарсы алып, жайдары көңілмен аттандырып жататын.

Қоғамның аумалы-төкпелі кезеңі мен тұрмыстың тұралап тұрған кезінде Зекей мен Шәрипа шаңырағын гүлге бөлеп, Сайра, Серік, Жасан, Сержан, Ержан деген балалары дүниеге келді. Солардың іңгәлаған тәтті үндерімен-ақ барлық қиындық, бейнет атаулы бақыт пен рахатқа айналып жататын.

Арманшыл әке мен ақеділ ана бала тәрбиесі мен олардың білім алып, білікті азаматтар болып жетілуіне айрықша ден



қойды. Бүкіл ауданның ауқымды қызметтерінің бел ортасында жүрген Зекей қолы қалт ете қалған әредік сәттерде балаларын ертіп алып, ел аралайтын. «Абыз қарттардың айшықты әңгімелерін, шежіре шертпелерін құлақтарына құйып, саналарына сақтап өссе екен» деген үкілі үмітін ұрпақтарына артатын. Тұңғышы Сайраны сурет салуға, Серікті гитараға, Жасанды аккордеонға, Сержанды шағын қолөнерге, кенжесі Ержанды домбыраға бейімдейтін.

Зекейдің өзі де бірге қызмет істеген Сүлеймен аудармашы екеуі мандалинге ән қосып, жүрген жерлерін думанға бөлеп жіберетін. Қазіргі елге танымал әйгілі күйші, атақты сазгер Ғизат Сейтқазин марқұм секілді өнер майталмандарымен жиі-жиі бас қосып, жан дүниесінің баға жетпес ләззат байлығын арттырып отыруды да қағыс қалдырмайтын. Зекейдің бар ойы – балалары есейгенде осындай өнерлермен шұғылданып кетпесе де, өз құрбыларының алдында сөтер сезімді, сергек ойлы болып өсуіне рухани нәр болады деп есептейтін. Әсіресе, ажалға араша, ауруға медет болатын дәрігерліктің дәуірлер өзгерсе де қадірін жоймайтын қасиетті өнер екенін көптеген дәлелдермен көрсететін еді. Ұрпақтарына жанын үзіп тұратын қайран әке анау дүниеге ерте



аттанып кететінін, бауыр еті балапандарының қызығын көп көре алмайтынын сезді ме екен, әйтеуір, өте балажан болды.

Ал Шәрипа ана Құдай қосқан жұбайының әр кезеңдерде, әр салада атқарып жүрген барлық қызметтерінің қолдаушысы бола білді. Уақытының көбін балаларының тәрбиесіне арнады. Ол «басшы азаматтың жұбайымын» деп кейбір билікке буланған «ханымдарша» көкірегімен көк тіреген жоқ, қарапайым, мейірімді қалпын өзгерткен емес. Аудандық үкіметке қарасты қонақүйдің меңгерушісі, партия секретарі болып та жұмыс істеді.

**Қайрат ҚҰЛ-МҰХАММЕД,**  
ақын, Қазақстан Республикасының  
мәдениет қайраткері.






## Ана мейірі – күндей шуақты, теңіздей терең

«Әр адамның тағдыры – айтылмаған сыр, жазылмаған жыр, оқылмаған кітап» дейді халық. Анам Шәрипа Қазезқызы жаны сірі, өте қажырлы, қайсар әрі қарапайым. Ол көп оқый алмаса да, өмірден көрген-білгені, көкейіне тоқығаны аса



мол адам. Ал, әкем Зекей Тұрсынбекұлы Қытайдағы жоғары университеттің бірін тамамдап, 1960 жылдары өз ауылы Тарбағатай аймағының Толы ауданына келді. Жалындап тұрған шағында аудандық үкіметке аудармашы болып жұмысқа тұрды. Көп өтпей анамызбен танысты. Ақылына көркі сай әрі қағылез анам әке жүрегін бірден жауласа керек. Теңін тапқан олар үлкендердің разылығы мен ақ батасын алып бас құрады.


Бес бала дүниеге келіппіз. Ұлдың үлкені мен болдым. Өзім ес білгелі үкімет тарапынан берілген шағын үйде тұрдық.



Нағашы ағаларымыз Қанағат пен Құмар бізбен бірге еді. Үйіміз тарлау болса да, пейіліміз кең, берекелі, тату-тәтті едік. Соның бәрінің ұйтқысы бола білді.

Анам балаларын жанындай жақсы көретін. Күнделік қызметін ақсатпай, дөңгелетсе, енді бір жағынан балаларына бәйек болып, оларды суыққа тоңдырмай, аптапқа күйдірмей, аштықта қалдырмай мәпелеп бағып-қақты. Қайсы бір ғұламаның «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген теңеуі бекер айтылмаса керек. Мен де өзімнен кейінгі бауырларыма қарасып, қолымнан келгенінше анама қолғабыс жасайтынмын.

Кейін келе жақсы оқып, университеттерге түсе бастадық. Әкем мен анам екеуі әр қайсымызға «Тәртіпті, қажырлы, қарапайым әрі оқуда үздік болыңдар» деп қадағалап отыратын. Айтқандарын екі еткізбеген біз де өзімізге қатаң талаптар қойып, оқуда үздік болдық. Олар нағашыларым Қанағат пен Құмарды да өз баларындай көрді. Оқытты, тоқытты. Қызметке тұрғызды. Бастарына үй, бауырларына қазан асып беріп, бір-бір бөлек отау етіп шығарды. Нағашыларым бірінен соң бірі арттынан қайтыс болса да, ұрпақтары өсіп-өніп, бақадай шақырған елге айналды. Бізге қара тартып бірінен соң бірі Алматыға келе бастады.



Мен Шынжаң медицина университетінің 3-жылдығында, Жасан інім артымнан ілесіп медицина университетінің 1-жылдығында оқып жатқанбыз. Аяқ астынан басымызға қайғы бұлты үйірілді. Әкеміз 1985 жылы 5 қараша күні өлкелік үкімет жиналысынан Толыға қайтып бара жатқан жолында көлік оқиғасына ұшырапты. Өзінің жағы сынып, маңдайы жарылып, қанға боялғанына қарамастан, қасындағы жаралы жолдастарын құтқарам деп жүріп қансырап құлап, миына қан құйылғанына дейін білмей қайтыс болады.

Міне, сонан бастап үйіміздің ішкі-сыртқы барлық ауыртпалығы тек анамыздың ғана мойнына түсті. Ол кезде інілерім Ержан кішкене, Сержан орта мектепте оқып жүрген. Тағдырдың тауқыметіне не шара! Осылайша анамыз отыз жасында сүйікті жарынан мезгілсіз айырылып, қалың жетім баламен қалды. Бұл сәтсіздік біз үшін, әсіресе анамыз үшін өте ауыр сын болды. Туыстардан, басқа да жақындардан анама:

– Енді балаларыңды оқытуың қиын, онанда оларды жұмысқа тұрғызып, жан бағу жағын ойласаңшы, – деп кеңес бергендері болды. Сонда анам оларға:

– Қара нан жеп, қара су ішсем де, қайыр тілесем де балаларымды оқытам, – дейтін жігерлене түсіп.




Бұл барыста анамыз қыруар қиындықтарды парасатпен, қайсарлықпен жеңе алды. Өмір ащысын бермесе, тәттісін білер ме едің? Тәттісін бермесе, ащысын білер ме едің? Біріне масаттанып, біріне мойымаған адам ғана дүниедегі не қиын қамалдарды бұзып, жеңіп шықпақ екен. Анамызды сондай жансебіл, қайтпас, ақылды аналардың бірі деп санаймын. Оның бар арманы – ұрпақтарын сау денелі, сұңғыла, еліне жарамды етіп жеткізу еді.

«Ана ұрпағы үшін аспандай кең, теңіздей терең, ай мен күндей арайлы, жердей құнарлы, көктемдей көңілді» деген даналар сөзі текке айтылмаса керек. Ана бойындағы осындай асыл қасиеттерді өз анамнан жиі көріп, шынайы сезініп отырам.

Анамыздың қажырлы еңбегінің арқасында барлығымыз да университеттерімізді ең үздік нәтижемен бітіріп, орталық қалаларға, үлкен жұмыс орындарына бөлініп, онда табанды жұмыс жасап, біліктілігімізді шыңдап, жемісті еңбек еттік. Әлі де сол ұстанымымыздан танған емеспіз.

Әкеміз ерте дүние салған болса да, аяулы анамыздың мәпелеуі мен, әкеміздің жоқтығын сезінбедік. Барлығымыз да үйлі-баранды болып, ұрпақ сүйдік. Анамыз немерелі болу бақытына кенелді.



Немерелерінің алды Айдана медицина университетіне түсіп, болашақ дәрігер мамандығы бойынша білім алып жатыр. Үстіміздегі жылы бауырым Жасан үйінде қуанышты жағдай болды. Ұлпан қызымыз қаладағы Жәутіков атындағы Республикалық физика-математика мектебінің атынан оқушылар арасындағы ғылыми жобасын өте үздік қорғап шықты. I-дәрежелі алтын белгінің иегері, 125 балдық есеппен Алматы Энергетика университетіне оқуға түсті. Мен балаларыма, бауырларыма осының барлығы ардақты анамыздың арқасы екендігін әрдайым ескертіп отырам. Халықта «Су ішкенде құдық қазушыны ұмытпа» деген мақал бар. Әркім анасын әспеттейді. Ана қадірін сезінбеу – қасірет.

Қазір анамыз зейнеткер. Аяулы анамыздың дені сау, ақылшы, қамқоршы бола беруің, ұзақ ғұмыр кешуің тілейміз. Асыл ана, немерелеріңізден шөбере, шөберелеріңізден шөпшек көруді бір Алла нәсіп еткей!

**Серік ЗЕКЕЙҰЛЫ,**

*Қытай медицина ғылымдарының  
жоғары дәрежелі дәрігері, академик.*

*31.10.2012. Алматы.*





## Жан бауырым – Шәрипа

Шәрипа екеуміздің ұлы нағашы атамыз Имаш, одан Мәсели, Мәселиден біздің әкелеріміз Қазез, Қазыхан, Мұртаза, Жөкең, Батыр тарайды. Шәрипа Қазезден туса, мен – Қазездің інісі Жөкеннің қызымын. Ата-ана тәрбиесінің арқасында Мәсәлидің бес ұлының бірлігі мықты, туыстық ынтымағы берік, қуанышта да, қайғыда да бірге, бір ауыл болатын. Кіші әкеміз Қазыхан жастайынан серілік құрып, құсбегілік өнермен айналысқан. Құс баптаудың қыр-сырына қанық ол кісі құстың бабын жасауда ерініп-жалығуды білмеуші еді, қайда барса да жанынан тастамай, тіпті қонаққа барса да өзімен бірге алып жүріп, бар-




*Шәрбан Жөкенқызы*

ған үйінің босағасына қондырып қоятын. Қазыханнан туған үш ұлдыц біреуі тағдырдың жазуымен ертерек қайтыс болды. Нұрмұқан мен Баймұқаны балалы-шағалы, өсіп-өніп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Мұртазаның Орысбайы, Батырдың Құсманы, Мерейі – барлығы да, құдайға шүкір, жақсы өкенің жалғасы болған елге сыйлы азаматтар.

Батырдан Мерей, Құсман, Өмір атты ұлдар болса, менің әкем Жөкеннен бес ұл, төрт қызбыз: Мұқаш, Сайран, Мейрам, Сергей, Думан, Кәмал, Ардақ және мен. Сергей деп орыстың атын қойғаны несі деп таңғалушылар аз болған жоқ. Біздің ауылда Сергей деген оқымысты, еті тірі, пысық, қазақша да, қытайша да судай таза білетін орыс жігіті болатын. Сауда-



*Шәрбан апаның  
баласы Толқын және келіні Нүргүл*




саттықпен айналысатын Сергейдің мінезі жұғымды, елге сіңімді еді. Әрі әкемізбен араластығы бар, сыйлас жігіт болғандықтан соған бір қасиеті тартсын деп ырымдаған шығар, атын Сергей қойыпты. Әкеміз Жөкен Мәсәлиұлы көкірек көзі ашық, оқыған-тоқығаны көп білімдар адам болды. Қазақ елі, Алаш көсемдері туралы алғашқы әңгімені біз сол кісіден естіген едік. Ахмет Байтұрсыновтың төте жазуын үйреніп, алғашқы болып Ахаң жазған әліппемен оқытқан да менің әкем еді. Саналы өмірін ағартушылық қызметке арнап, ел баласына ұлағатты тәлім-тәрбие берген ардақты ұстаз ретінде еңбегі еленіп, ел құрметіне бөленді. Үкімет тарапынан білім беру ісінің озат қызметкерлеріне және жемісті еңбек тәжірибесіне қарай берілетін атақты иеленіп, еңбегінің зейнетін көрді. Төрт ұлы әкеміздің жолын қуып, мұғалімдік мамандықты таңдады. Олар да өмірлерін оқу-ағарту ісіне арнап, абыройлы еңбек етті. Құдайға шүкір балаларының қай-қайсысы да адал еңбегімен елге сыйлы, қадір-құрметтері ешкімнен кем болған жоқ. Балаларын оқытып-тоқытып, өсіріп-өндіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, енді немерелерін тәрбиелеп жатыр.

... Шәрипаның әкесі мен менің әкем ауқатты адамдар қатарында саналатын.



Қазез ағамыз ақыл-ойы зерек, еті тірі, тілінен де, қолынан да келетін елге сыйлы азамат еді. Екі әйел алған адам. Бірінші әйелінен перзент көре алмаған соң Шәрипаның шешесін алды. Бақатай шешеміздің құрсағынан көрген тұңғышы - Шәрипа, соңынан Құмар, Қанағат есімді екі ұл келді дүниеге. Тұла бойы тұңғышы, әрі зарығып көрген перзенті болған соң, Шәрипа ерке болмай кім ерке болсын! Бетінен қақпай, төбесінен құс ұшырмай аялаған әкесінен бес жасында айырылып қалды. Қазез ағамыздың кенеттен болған қазасы бүкіл ауылдың қабырғасын қайыстырды, ағайын-туыс, бауыр зар еңіреп жоқтап соңында қалды. Үйелмелі-сүйелмелі үш баламен жесір қалған Бақатай анамыздың көз жасы көл болса да, қайратын жинап, өмірдің қатал сынағына мойымауға бел буды. Әкесі барда бетіне жел тимеген Шәрипа үшін бұл қазаның орнын толтыру мүмкін емес еді. Тағдырдың көзін ашпай көрсеткен қиянатын бала жүрегіне сыйғыза алмай назаланатын кездері көп еді. Ағайын жетімдік көрсетпеді. Екеуіміз тете өстік. Мен одан бір сынып жоғары оқыдым. Кейде бір-бірімізге өкпелесіп, бұртиысып қалатынбыз. Сөйте тұра, өте тату болдық. Ешкім бізді бөле-жармайтын. Екеуіміз де оқуға ынталы болдық.



Кейде жоқ бір нәрселер үшін Шәрипаға өкпелеп жыласам, әкем марқұм ақыл айтып уататын, кейде қатқылдау сөйлеп ұрсатын. Бірде әкем:

– Көрсетпе көзіңнің жасын, қызым. Ойыншық табылады, бауыр табылмайды, – деген сондағы айтқан сөзі мәңгі есімде қалып қойыпты. Қайран әкем, бауырдың қадірін сендей түсінетін адам сирек шығар бұл өмірде...

Сөйткен Шәрипа есті тентек болып шықты. Еті тірі, ісіне тиянақты, сөзден ешкімге есесін жібермейтін ақылды қыз болып бойжетті. Шешесі қамкөңіл болған соң, үйіне, бауырларына қамқор болып, үлкендіктің жүгі мойнына ертерек түсті. Ақылына көркі сай әдемі бойжеткенге көзі түскендер аз болған жоқ. 17-18 жасында ағайын-туыстың рұқсатымен Зекей деген жігітке тұрмысқа шықты. Ол да әке-шешесінен ерте айырылыпты, екі жарты бір бүтін болып отау құрды. Шешесі де: «Мен болсам жарымжанмын, көзімнің тірісінде тұрмыс құрып, мына екі бауырыңа бас-көз бол» дегенді құлағына құя берсе керек. Сонымен жас отауға әкесінің киіз үйін жасау-жабдығымен беріп: – Мына шаңыраққа Құмар ержеткенше иелік етерсіңдер – деп аманаттады ағайындар. Шәрипаның бағына кездескен Зекей марқұм сыртқы сымба-



тына ішкі жан дүниесінің тазалығы келіскен жігіттің сұлтаны еді. Ынтымағы жарасқан отбасында үйелмелі-сүйелмелі ұл-қыздар дүниге келді. Балалы үйдің базары Зекей мен Шәрипаны бақытқа бөледі. Енді ғана бақыттың бал дәмін тата бастағанда тағдыр тағы да бір сынағын тосқан еді Шәрипаның алдынан. Сапсау жүрген анасы кенеттен қайтыс болды. Өмірдегі ең жақын адамынан айырылудың не екенін сонда білді Шәрипа. Қайғыдан қан жыласа да, жанында арқа сүйер азаматы барына тәуба деп, өмірдің баянсыздығына тағы да бір өкінсе де, тоқтамға келіп еді сонда, анасының аманаты екі бауырын Зекей екеуі өз балаларынан кем көрмей өсіріп-жеткізіп, ел қатарына қосуды парыз санады.

...Тағдырдың жазуына шара жоқ екен, айдың, күннің аманында Зекейінен айырылам деген үш ұйықтаса түсінде болып па екен Шәрипаның... Иә, бұл қаза Шәрипаны шынымен-ақ тұралатып-ақ кеткен еді. Ауыр қайғыдан есін жия алмай, қара жамылып, есеңгіреп қалған кездерін қалай ұмытсын. Алайда «*Өлгеннің артынан өлмек жоқ*» деген халық даналығының тегін айтылмағанын Шәрипа өз басынан өткенде түсінді. Ендігі жерде балалырының анасы да, әкесі де өзі екенін түсінгенде, қайғыны ұмытып, тәуекелдің



қайығына мініп, қайратын жинап алды. Ең бастысы, Шәрипа – босқа өмір сүрмеген адам. Ол тағдырдың қандай сынағына да мойымай, төзіммен, қажыр-қайратымен, ақыл-парасатымен жеңе білді. Өз балаларын әкесі барлардан кем қылмай өсіріп, оқытып, тәрбие беріп, аналық парызын толығымен өтеді. Шәрипаның бақытына балалары түгел сайдың тасындай талапты, оқуға зерек, еңбекқор болып өсті. Атажұртқа қоныс аударып, Зекейдің жақсы атын шығарған Жасан туралы әңгіменің жөні тіпті бөлек. Несін айтайың, балаларының барлығы оқып-тоқып, қатарының алды болып, абырой биігінен көрінді. Ұлы ұяға, қызы қияға қонып, немере сүйді. Екі бауырын да жар құлағы жастыққа тимей жүріп, қатарларынан қалдырмай өсірді. Біз соның куәсіміз.

*«Жасыңда бейнет бер, кәртайғанда зейнет бер»* деген сөздің жаны бар. Жасыңдағы бейнетті күш-қуатың бар кезінде жеңуге болады екен, құдай кәртейгендегі бейнеттен сақтасын дей отырып, ақын болмасам да, сөз соңын мына бір-екі шумақпен түйіндеуді жөн көрдім:

*Ардақты ана, ақылшысың әулетке,  
Тапты өзіңді абырой да, дәулет те.*



Алға басты ойыңа алған әр ісің,  
Орындалды армандарың сәулетті.  
Ел-жұртың, бала-шағаң ортасында,  
Әрқашан мол бақытқа кенеле бер.  
Шат көңіл, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық,  
Алла беріп, асқарға теңеле бер!

**Шәрбан ЖӨКЕНҚЫЗЫ,**  
Алматы облысы, Жамбыл ауданы,  
Сұңқар ауылы, 2012 ж.





# *Eki erin*



## Сөнбес сәуле

Жаратып бар әлемді жарық нұрдан,  
Он сегіз мың ғаламды қарық қылған.  
Алланың құдыретіне не тең келер?  
Пендеге рахымын сарып қылған.

Сол нұрдың бөлшегіміз жер бетінде,  
Өмір – жырға жүретін тербетіле.  
Адамдықты ұлықтап, сайтандарды,  
Аластаған нұр ойнап келбетінде.

Сөнбес сәуле – бойдағы имандылық,  
һарам болар сәулесіз жиған мүлік.  
Қараңғылық дертіне араша өзің,  
Ал, іріңді өледі сорған сүлік.

Мен сөнбесем – сол нұрдан жаралғаным,  
Ұрпағыма, халқыма таралғаным.  
Үлгі-өнеге, отты жыр, әуезді әндер,  
Өлмесін деп жалықпай сараладым.

Сөнбес сәуле – ізгілік, жарқырасың,  
Көктем сайын өзен боп арқырасың.  
Ана атына лайық сәуле болып,  
Аппақ арман ойдағы сарқылмасын!

## Ұлдарым, келіндерім

Қарағайдай қасқайып көк тіреген,  
Өңшең дөкей болса екен деп тілегем.  
Ұлдарым-ау, ұлыларға ұқсаңдар,  
Батырларға жауға қылыш білеген.

Арман деген көшке жүкті жай салдық,  
Деп жүрмендер, жеткізеді байсалдық.  
Төбең көкке жетсе-дағы, ұлдарым,  
Бір Алладан тілеңдерші жайсаңдық.

Әрбіріңнің ұқсамайды тағдырың,  
Кеңес болар сендерге осы бал жырым.  
Егіз болып жаралыпты бақ пен сор,  
Біреу шалқып, біреу құсар қанды ірің.

«Шүкір» деймін, сендерді ел қолдады,  
Сақ-сақ күлген қашты сайтан жолдағы.  
Маңдай тердің тамшылары-кетпес құт,  
Қанша жалқау жан баға алмай сорлады?

Серік ұлым, дәрігерсің білімді,  
Абыройың екі елге де білінді.  
Жасан інің – академик халықаралық,  
Танып жатыр, мақтамайды ел кімімді?

Сержан анау көп жұмысты басқарды,  
Қыран болып шолды қиыр, асқарды.  
Ержан балам ершікеш жаң, намысшыл,  
Шеберлікпен атқарады жоспарды.



Ерсiнiмдi айт, қиындыққа төзiмдi,  
Жерге тастап кеткен емес сөзiмдi.  
Сендер үшiн бәрiне де шыдадым,  
Жеткiзе алдым бақтарыңа көзiмдi.

Армандарың арынды, тебiндерiң,  
Тiк ұшырып түтiндi ерiнбедiң.  
Немерелер әлегiн бақыт санап,  
Жайраңдаған айналдым, келiндерiм.

Ақ жаңбырдай көктемгi сөбiлгенiң,  
Отауларға гүл болып егiлгенiң.  
Шеше көрген тектiлiк бойларыңда,  
Алдымнан қия өтпейтiн келiндерiм.

Өңшең сұлу, ибалы керiмдерiм,  
Кердеңдесiп, мен-менсiп керiлмедiң.  
Сыпсыңдаған өсектiң жолын кесiп,  
Суытпаған ат iзiң, келiндерiм.

Кiмдер сөгiп сендердi табаласын?  
Iзгiлiктi ақылмен таба аласың.  
Тату болсаң бәрiңнiң астарың көп,  
Қай көңiлдi татулық жараласын?!



## Артта қалды қиын күн

Күн сәулесін төгіп жатқан,  
Келдім ару Алматыма.  
Ақ түйесі шөгіп жатқан,  
Райымбек даңғылына.

Абай жолы – ақ жол екен,  
Ақ ниетке жаралған.  
Ақ дастарқан, ақ мол екен,  
Мені солай қарсы алған.

Айналайын Жәккенім-ау,  
Айналдым да сиындым.  
Жаннат екен мекенің- ау,  
Артта қалды қиын күн.



## Астана

Армандай әсем бақ қала,  
Ақ орда қонған ақ қала.  
Қыраны көкте қалықтап,  
Шарықтап барад Астана.

Жаңа өмір сенде қайнаған,  
Бақытсыз болмақ қай балаң?  
Ортаңда сұлу айна көл,  
Сәулесі түсіп жайнаған.

Бой созған қалың ғимарат,  
Таңырқап ақын толғанад.  
Есілде ескен кемелер,  
Толқынын барад бұйралап.

Тұғырдан биік қараған,  
Әлемге аты тараған,  
Нұрсұлтан патша, өзіңе,  
Тілеймін ғұмыр Алладан!



## Қанипаға

Ахау, Қанипа, шырқашы,  
Шалқытып әнге бір басшы.  
Жанымның желпіп сарайын,  
Көңілді бір сәт жылытсайшы.

Әніңе қанша құмармын?  
Үніндей еді бұлбұлдың.  
Тербеліп, толқып тұрамын,  
Аққулар жүзген толқындай.

Бұл өмірдің сәнін де,  
Көргендей болам өзіңнен.  
Бар тылсым қандай әніңде,  
Сұлулық көрем көзіңнен.

Гитарың бар қолыңда,  
Жырға да әйбат басасың.  
Ақ сәуле шашып жолыңа,  
Нұрлаттың түннің тасасын.



## Туылған күніңе

*(Балам Сержан Зекейұлының  
туылған күніне арнаймын)*

Құлагер сенің мекенің,  
Арғымағың зырлаған.  
Сержаным едің сері ұлым,  
Күніңді туған жырладым.

Базары бар қайнаған,  
Алтыны бар жайнаған.  
Қабат-қабат көк үйлер,  
Көрінгендей айнадан.

Тұлпарың шұлғып басады,  
Көңілің шалқып тасады.  
Жұбыңмен өмір мәнді өтсе,  
Жолыңнан сайтан қашады.

Ағыздың мұнай Атырау,  
Еңбегің ерлік, батыр-ау.  
Жер байлығын сапырдың,  
Тимесін тіл-сұқ, япыр-ау.





## Қайран да екі бауырым

Қайран да екі бауырым,  
Кеттіңдер неге қайырылмай?  
Қайғының жұтсам ауырың,  
Шыдайын қалай майырылмай?

Өтірік күліп, шын жылап,  
Еңіреп әпкең қалды артта.  
Алды ғой ажал тұнжырап,  
Оларға Тәңір, күнә артпа!

Япырмай, неткен арман-ай,  
Жер сипап қапы қалғаным.  
Бір ауыз сөз ала алмай,  
Күңіреніп, жоқтап барғаным.

Барармын менде ерте-кеш,  
Сағынған мауық басылар.  
Құдайсыз мұным серт те емес,  
Маған да пейіш ашылар.



## Мұңайған аққу

Бір міні жоқ табиғат келбетінде,  
Қиял-ғажап ертегі келді есіме.  
Жалғыз аққу мұңайып жүзіп барад,  
Көк аспандай мөп-мөлдір көл бетінде.

Жылжымады, кідірді, мұң бар көзде,  
Оның сырын кім білер мұндай кезде?  
Бір сыңарын сұр мерген атты ма әлде?  
Келмейді ғой бейшара бізбен сөзге.

Ағармайды сызылып түнсіз таңдар,  
Ал өмірде бар ма екен мұңсыз жандар?!  
Тағдырымыз ұқсайды, ей, аққуым,  
Дедім, бірақ, тыңдады үнсіз маңдар.



---

*Астанаға барар жолда айдын көлдің  
бетіндегі сыңарсыз аққуды көргенде.*

## Наурыз жырлары

Жараспай ма жақсылығын асырсаң,  
Жарамайды өкпе-назды жасырсаң.  
Дәл осы күн туыс, достар жиналып,  
Сауап болар сайтандарды басқа ұрсаң.

Ашық болар сонда ғана аспаның,  
Керегі не жаңа жылда басқаның?  
Жарқырайды жүздер күліп, мұң кетіп,  
Мәнді өмірді білген қазақ қас қағым.

Құт шақырар жайылған дастарқаның,  
Асыл дәстүр – үлкенге бас тартқаның.  
Келіндер-ау, ұлдар-ау, ұлағат бұл,  
Наурыз тойын қастерлеп бастатқаның.

\* \* \*

Күн менен түн теңелген,  
Наурыз жылдың басы екен.  
Жер-Ана жібіп, жылыған,  
Самарқанның тасы екен.

Ел шығып қыстан амандық,  
Болғанда кетер жамандық.  
Қауқылдап қарт пен жас жайнап,  
Дей алсын кімдер: “шаманды ұқ!”



Рамазан, Нұрлан, Байқабыл,  
Наурызыңды Алла қыл қабыл!  
Көже ішер көлдей көңілмен,  
Бәрің де келер жыл табыл!

\* \* \*

Келеді Наурыз, келеді,  
Шуағын жерге себеді.  
Мал төлдеп, пісер сары уыз,  
Көжесін тағы береді.

Есінде болар сол бір кез,  
Мереке күнгі мөлдір көз?  
Шалқып-тасып, ән салып,  
Қол ұстасып жүрген кез?

Сегізінші Наурыз тағы бар,  
Алқаңды достар, тағып ал.  
Қымбатсыңдар, сұлулар,  
Сендерді менмін сағынар.



## Ақ тілекті баталар

Барыс кетіп, Қоян келді,  
Қыз-жігіттер боянды енді.  
Жаңа үміт пен ұлы арман деп,  
Жаңа ойлармен оянды елің.

Нұртайым-ау, құлыным,  
Өзіңсің жүйке-жұлыным.  
Раушан отыр – ұстазың,  
Үздік деп сенің ұғымың.

Іздегенің табылсын,  
Қамалдарың алынсын.  
Алла сүйген маңайың,  
Шапағатқа малынсын.

Адалынан кәсіп берсін,  
Таусылмайтын нәсіп берсін.  
Берсе тамыздықтатпай,  
Үйіп-төгіп, шашып берсін.

Қасиетіңе табынсын,  
Достарың күнде сағынсын.  
Құлағына Алланың,  
Тілегің ізгі шалынсын.  
Аллаһуакбар!

\* \* \*

Алдымен алал асқа бата,  
Алдыға келген басқа бата.  
Қол жайған үлкен-кішіменен,  
Жалындаған жасқа бата.

Шаңырақтарың биік болсын,  
Қиындық басын иіп тұрсын.  
Ақылдарың серік болсын,  
Іргелерің берік болсын.  
Көгендерің бұршақты болсын,  
Келіндерім құрсақты болсын.

Тасқа тары біткенше  
Таршылық көрмеңдер.  
Мұзға бидай біткенше  
Мұңшылық көрмеңдер.

Өмірлерің мәнді болсын,  
Дастарқандарың сәнді болсын,  
Орталарың әнді болсын,  
Бар қауым істеріңе тәнті болсын.

Құлақтарыңнан сыбыр кетпесін,  
Белдеулеріңнен дүбір кетпесін.  
Абырой-атақтарың тұғырлы болсын,  
Алла берген дәмдерің жұғымды болсын.  
Әумин!

\* \* \*

Жүрсем де шалқып, жарқылдап,  
Биге де басып, ән шырқап.  
Сонда да борыш артылмақ,  
«Ұрпағым» деген бар тілек.

Бір Алладан тілерім:  
Ұрпақтарға денсаулық.  
Көбейсін сосын бес саулық,  
Артынан келсін ақ жаулық.

\* \* \*

Балашым, ұлым, Жәкешім,  
Тұяғы едің әкеңнің.  
Алматыға аман бар деген,  
Тілегі еді анаңның.

Жолың болсын, жолаушым,  
Алла болсын қорғаушың.  
Күндіз-түн тілеп отырам,  
Қыдырың болсын қолдаушың.  
Әумин!







Алатау  
ден  
эн  
салалын



# Алатау

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*

А - ла - тау ас - кар шы - ның бар, ас - пан - ме - нен та - лас - кан. Ме - кін - деп

7  
аң - құс - ты - ны - ғар, кой - нау - ын ке - ніш... жа - рас - кан. Жа - рас - кан

14  
жа - сыл ккөй - ле - гім, Ақ булт - тан ки - ген бөр - кі - не.

19  
А - кан боп мен - де сөй - ле - дім. Там - са - нып ға - жап көр - кі - не

7





Алатау асқар шыңың бар,  
Аспанменен таласқан.  
Мекендеп аң-құс тынығар,  
Қойнауың кеніш жарасқан.

Жарасқан жасыл көйлегің,  
Ақ бұлттан киген бөркіңе.  
Ақын боп мен де сөйледім,  
Тамсанып ғажап көркіңе.

Өзінде туды немерем –  
Ақмарал, Баян, Жанерке,  
Нұрсұлтанды ертпей нетер ем,  
Әр күнім сенде мереке.

Шекара ашып есігің,  
Қауышты сенде сан халық.  
Тербетті алтын бесігің,  
Пендең жоқ жүрген сандалып.

Немерем сенде туылды,  
Тыңдады даусын періштем.  
Суына мөлдір жуынды,  
Есейді тайдай тебіскен.

1985 ж.



# Алматым

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*

Ал - ма - тым ал - тын қа - ла - сы, жер - үй - ық жас - сыл да - ла - сы.

3 Ал - ма - тым ал - тын шаһ \_\_\_\_\_ рым, жоқ са - ған ә - лем та - ла - сы.

5 Ме - деу - ім мен Көк - тө - бем мақ - тан кып се - ні өт - кен ем.

7 Са - ма - лын - ды сер - гі - тер құ - шыр - ла - на \_\_\_\_\_ өп - кен ем

Ал - ма - тым ал - тын қа - ла - сы, жер - үй - ық жас - сыл да - ла - сы.

3

5

7





Алаштың алтын қаласы,  
Жерұйық – жасыл даласы.  
Алматым – алып шаһарым,  
Жоқ саған әлем таласы.

Медеуім мен Көктөбем,  
Мақтан ғып сені өткен ем.  
Самалыңды сергітер,  
Құшырлана өпкен ем.

Алатау көркем алқабың,  
Алып жатқан Алматым.  
Түн ұйқысын жамылса,  
Жұлдыз боп жанған Алматым.

Ай тамсанып, күн сүйсе,  
Алатау басар бауырына.  
Төбеңнен бұлттар түксисе,  
Жуындырар жауынына.

2004 ж.



# Балаларым

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*

Музыкалық шығарманың ноталық және сөздік бөлімі. Ән бірінші рет 12/8 темпінде, екінші рет 9/8 темпінде, үшінші рет 12/8 темпінде, төртінші рет 9/8 темпінде орындалады. Әннің соңы 12/8 темпінде біткізіледі.

1 Ку - а - ны - шым ба - ла - ла - рым, мой - ным - да - ғы тұ - мар - ла - рым

3 өз - де - рын - сың па - на - ла - рым мақ - тан - е - тер а - на - ла - рың

5 көк - тем\_\_ кү - ліп кел - ме - се жаз - дың\_\_ сә - ні ке - ле - ме

7 ұр - пақ жак - сы\_\_ бол - ма - са а - та - на сә - ні\_\_ ке - ле - ме





Қуанышым – балаларым,  
Мойнымдағы тұмарларым.  
Өздеріңсің – паналарым,  
Мақтан етер аналарың.

Көктем күліп келмесе,  
Жаздың сәні келе ме?  
Ұрпағы жақсы болмаса,  
Ата-ана сәні бола ма?



# Достарым

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*







Достарым менің, достарым,  
Күн туса басқа қостарым.  
Жұмыста, үйде, түзде де,  
Жасалған бірге жоспарым.

Тойларда жүрсем, думанда,  
Тәп-тәтті жырлар туғанда,  
Көргендей болам сендерді,  
Жүргендей билеп сол маңда

Сағынам, қайда, сол күнім?  
Құлаққа жақын тұрды үнің.  
Жіберген сендер алыстан,  
Құшаққа бүгін тол гүлім!

Алатау жаққа қараймын,  
Шашымды сүмбіл тараймын.  
Кездесер күнді Алладан,  
Күтіп бір күнде санаймын.



# Екі елім

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*

Е(кі) - е лім ме - нің, е(кі) е - лім, е(кі) ел - де құт - ты ме - ке - нім.

3  
Қы - тай - да жү - ріп са - ғын - сан, Ал - ма - ты - ма же - те - мін.

5  
Е - кі е - лім та - ту көр - шы боп, жыр - тыл - ма - сын е - те гін.

Е(кі) - е лім ме - нің, е(кі) е - лім, е(кі) ел - де құт - ты ме - ке - нім.

3

5





Екі елім менің, екі елім,  
Екі ел де құтты мекенім.  
Қытайда жүріп сағынсам,  
Алматыма жетемін.  
Екі елім тату көрші боп,  
Жыртылмасын етегің.

Екі елім менің, екі елім,  
Жырламай қайтып кетемін?  
Жақсы да болсын арасы,  
Патшалар еді сетерім.  
Сендерге ерген марқайсын,  
Әз халық – ұлы жетегің.

Екі елдің ісін саралап,  
Кәрілер жүрсін аралап.  
Тebінді жастар сыйласын,  
Үлкендерді жағалап.  
Білімін алсын жаңалап,  
Бір-бірін жүрмес алалап.



# Қатуым

Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі

9

Ке - ле - мін Са-ғы- ныш- пен тұ-ған ел - ге Гүл-ге(о)ра-нып,  
 ко-бе-лек қу-ған жер - ге. Қа - ту - ым, тәу е - те - мін ка - сие-ті-

17 **Қайырма**  
 не, Ау - ы - лым кө-шіп бар - ыр қон-ған бел - ге Ме - ке-нім

25  
 ме - нің, ал-тын-нан ке - нім. Даң-қы-на Қа - ту жы-рым-нан ша - шу





Келемін сағынышпен туған елге,  
Гүлге оранып, көбелек қуған жерге.  
Қатуым, тәу етемін қасиетіңе,  
Ауылым көшіп барып қонған белге.

*Қайырмасы:*

Қату тауым, мен неге әндетпейін?  
Құшағыңда тербеліп сәнді өтпейін?  
Тәй-тәй басқан сазыңа, Тасбастауым,  
Жорғамды неге бір сәт терлетпейін?

*Қайырмасы:*

---

***Қату** – Қытай Халық Республикасының  
Толы ауданына қарасты тау аты. Бұл тау  
кезінде Уақтардың құтты мекеніне  
айналған. Қазір онда орта дәрежелі алтын  
кені бар.*

# Немерелеріме

(Баянның тұсаукесері мен Нұрсұлтанның  
бесік тойына арнау)

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*

Шыр-қан-дар жы-тал шыр - қан-дар, тер-бе - ліп күй-ге бал-қын-дар.

3 Ке - сіл - ді тұ - сау, бе - сік той, әң бо-лып көк - те кал-қын - дар!

5 А - за - мат бол е - лі - не, қо - са біл ү - лес же - рі - ңе.

7 Кө - ре - йін ыл ғый би - ік - тен бар мық-ты - лық те - гін - де!





Шырқандар, жастар, шалқындар,  
Тербеліп күйге балқындар.  
Кесілді тұсау, бесік той,  
Ән болып көкте қалқындар!

Көктем де келіп гүлденген,  
Табиғат сұлу түрге енген.  
Томпаңдап екі немерем,  
Көктеммен бірге күлдірген.



# Нұрсұлтанға

(Қазақстан Республикасының Президенті  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнаймын)

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*

Көк ту - ын оң - да жел - бі - реп, ақ ки - із жап - ты та - ғың - ды.

Ел - лим деп жүр - сын ел - жі - реп, А - ша бер Ал - ла ба - ғың - ды







Азамат боп еліңе,  
Қоса біл үлес жеріңе.  
Көрейін ылғи биіктең,  
Бар мықтылық тегіңде!

Көк туың оңда желбіреп,  
Ақ киіз жапты тағыңды.  
Елім деп жүрсің елжіреп,  
Аша бер Алла бағыңды.

Ақ киіз мәңгі кірлемес,  
Аспаннан тосып алынған.  
Патшалар сендей ірілемес,  
Тағыңды күтем салымнан.

Шымқай көкте қыраның,  
Құйғыған талмас қанаты.  
Бастады асқақ ұраның,  
Жарасты қазақ санаты.



---

*Қытайда теледидарынан елбасымыздың  
ең алғашқы сайлауында.*

# Талдықорғандағы той

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазеқызынікі*





Талдықорған қаласы,  
Өзендер құйған даласы.  
Ауасы – жұпар, бай өлке,  
Жел – жеміс сай мен саласы.

Домалап өрге тасыңыз,  
Аман да болсын басыңыз.  
Елуге келген құда жаң,  
Жамбылдай болсын жасыңыз.

Қалада жасап тойыңды,  
Ақсарбас сойдың қойыңды.  
Мереке сенде көп болсын,  
Құптасын Тәңір ойыңды.



---

*Сержанның қайын атасының бауырының  
елу жылдық мерейтойына арналды*

# Түңілмеймін

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*

9 Жү - ре - ді кей-бі-реу - лер а-сып та - сып, О - лар - дан

17 мен тө-мен - деп қал-ман жа - сып. Бай\_қы - зы, а-қын е - дім

шет-тен кел - ген, жа - ра - ны о-тыр-сыз - дар не-ге қа - сын?

9

17





Жүреді кейбіреулер асып-тасып,  
Олардан мен төмендеп қалман жасып.  
Бай қызы, ақын едім шеттен келген,  
Жараны отырсыңдар неге қасып?

Мен ылғи өрге шапсам қалған ба едім?  
Өлеңіммен көп орден алған едім.  
Шеттерінен көргенді қыз өсірген,  
Мықты шығар деп едім талғамды елің.

Мен әйтеу айтқанымнан сүрінбеймін,  
Аржағыңды қазбалап үңілмеймін.  
Сен бермесең, өзгелер орын берер,  
Білместерге өкпелеп түңілмеймін.



---

*Қытай қаласы Шәушектен атамекенге  
келе жатқан жолда кездескен таныс кісілерге.*

# ШЫҒЫС ЖАҚҚА ҚАРАСАМ

*Сөзі мен әні Шәрипа Қазезқызынікі*

Шы- ғыс... шақ-қа... қа-ра - сам    өз е - лім бе... деп қа - лам

3

а - ла... тау-ды көр-сем мен    Қа-ту - ым-би... деп-қа - лам

3

3

3





Шығыс жаққа қарасам,  
Өз елім бе деп қалам.  
Алатау көкпен таласқан,  
Қатуым ба деп қалам.

Айналып қана кетемін,  
Қиялға мінсем жетемін.  
Жайыр тауым етегің –  
Туған жерім, мекенім.

Шалғынға жасыл жайқалған,  
Жорғамды салдым тайпалған.  
Тасбастау суын зәмзәмдай,  
Тастап бір қиып қайта алман.

Алла қуат бермесе,  
Жаз жайраңдап келмесе,  
Апаңның мауқы басылмас,  
Гүлдерін теріп келмесе.



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
Қатал тағдыр, қайсар ана .....	16
Топты жарған тұлпарым, жарқыраған Жасаным .....	47
Тіршіліктің иесі де, киесі де Ана .....	51
Қаракөк тартар тегіне .....	60
Ана мейірі – күндей шуақты, теңіздей терең .....	67
Жан бауырым – Шәрипа .....	73
<i>I-бөлім. Екі елім.</i>	
Сөнбес сәуле .....	82
Ұлдарым, келіндерім .....	83
Артта қалды қиын күн .....	85
Астана .....	86
Қанипаға .....	87
Туылған күніне .....	88
Қайран да екі бауырым .....	89
Мұңайған ақсу .....	90
Наурыз жырлары .....	91
Күн менен түн теңелген .....	92
Келеді Наурыз, келеді .....	92
Ақ тілекті баталар .....	93
Алдымен алал асқа бата .....	95
Жүрсем де шалқып, жарқылдап .....	95
Балашым, ұлым, Жәкешім .....	95
<i>II-бөлім. Алатау деп ән саламын.</i>	
Алатау .....	98
Алматым .....	100
Балаларым .....	102
Достарым .....	104
Екі елім .....	106
Қатуым .....	108
Немерелеріме .....	110
Нұрсұлтанға .....	112
Талдықорғандағы той .....	114
Түңілмеймін .....	116
Шығыс жаққа қарасам .....	118

---

## СӨНБЕС СӘУЛЕ

Жауапты редакторы *Болат Құрманғажыұлы*  
Редакторы *Қ. Зияданқызы*  
Суретшісі *Серғазы Жаманқараев*  
Көркемдеуші редакторы *С. Табалдинова*  
Теруге берілді 12.10.2012. Басуға 10.11.2012 қол қойылды.  
Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 7,5. Қаріп түрі «KZ ArialСyг».  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №